

ЖАРКЕНТ

№9-10 (53-54),
31 мамыр,
дүйсенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

31 мамыр саяси қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні!

ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАШЫЛАРЫ ҒҰНДАР ТУРАЛЫ НЕ ЖАЗҒАН?



Қазақ халқының ежелгі тарихына қатысты деректерді өткен ғасырларда, ресей тарихшылары тарапынан жекелеген авторлар зерттеуге ден қойған болса, 19 ғасырдың орта кезінен бастап шет жерлік шығыстанушылар, тарихшылар, отаршыл әкімшілік саласының қызметшілері де жазуға ұмтылды. Оның тарихи себептері де жоқ емес-ті. Осыншама орасан зор территорияны ұстап, иеленіп отырған аз ғана халықтың түпкі тарихы қайдан басталатынын, арғы түбінде кімдер жатқанын, тарих сахнасына қалай келгенін анықтау, білу мақсатында жүргізілген еді. Бұл үрдіс кенестік дәуірде де өз жалғасын тапқанмен де қытай тілінде жазылып, одан алынған деректер сол кездегі жүйенің ықпалымен кей жағдайда, кейбір әдебиеттерде бұрмаланып, өңі өзгеріп беріліп отырды. Түбі бір түркі елдерінің арасындағы байланыстар жоққа шығарылған кездері де болған. Кейінгі кездегі қазақ тарихшыларының мақалаларында, еңбектерінде ұлан-ғайыр даладағы ежелгі этностардың, ұлыстардың, тайпалардың даму үрдісі т.б. жөнінде қытай дерек көздеріне сілтеме жасалынып жазылған тарихи зерттеу кітаптары баршылық. Бірақ, олар да деректерді қытай тіліндегі жазбалардан аударған орыс тарихшыларының кітаптарына сілтеме жасап отырды. Қазақ халқының қалыптасуына өз үлесін қосқан б.з.б. мыңжылдықтың аяғындағы жүздеген мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы, олардың өркендеуі, белгілі бір уақыттарда тарихтың қатал тепкісіне шыдамай жойылуымен танысу барысында, тек қана қазақ халқы емес, Орталық Азияны мекендеген халықтардың сапырмалы кезендерді басынан өткере жүріп қазіргі күнге ұзақ та, күрделі даму жолымен жеткендігіне көз жеткізуге болады.

Бүгінгі қазақ халқының негізін құраушы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, алан, түркі, қыпшақ тағы басқа ұлыстардың, тайпалардың

тарихы ежелгі дәуірден басталатындығы қытайдың б.з.д. ғасырларда жазылған дерек көздерінде айтылғандығы, сол аталған елдердің тұрмыс-тарихы жөнінде көптеген мәліметтердің бар екендігін көрсетеді. Осы ойды «Қытай жылнамаларындағы Қазақ тарихының деректері» (б.з.б. 177 - б.з. 222 жылдары) деген атпен 1998 жылы Қытай Халық Республикасының Ұлттар баспасынан шыққан, сол нұсқа негізінде қазақшаға аударылып «Өнер» баспасынан жарық көрген кітапқа алғы сөз жазған (Алғы сөз, 1998 жылғы шығарылымына жазылған) Қаһарман Мұқанұлы былай өрбітеді: «Қазақ тарихынан ертеректе Ресейде және Қазақстанда жазылып жарық көрген еңбектерде сонау сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, алан, түркі, қыпшақ, тағы басқа ұлыстар туралы деректер осы жылнамалардың Н.Я.Бичурин аудармасынан алынғаны мәлім. Ал, Қытайда қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар бұл деректерді азды-көпті тіке пайдаланды» дейді. «Жаркент айнасы» басылымының оқырмандарына түсінікті болуы үшін Қаһарман Мұқанұлының мына төмендегі анықтамалық сөздерін толық келтірейін. «1996 жылы «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» деген тақырыппен тематикалық жоспар ұсындық. Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясының басшылары бұл жоспар-жобамызды тұрақтандырды және ғылыми жақтан белгілі шарт-жағдай әзірлеп берді. Өте-мөте ШҰАР Саяси кеңес комитетінің төрағасы Жәнәбіл Сымағұлұлының қолдан дем беруі, қажетті қаржы тапшылығы мәселесін шешкендігі арқасында, жазба деректерді таңдап аударудың жан-жақтылығы әзірлігі жасалды. Маман аудармашылардан арнаулы жұмыс тобы ұйымдастырылып, екі жылдан аса уақытта жазба деректердің бірінші кітабы аударылды әрі сараптамадан өтті. Бұл жазба деректердің қазақша түсіндірмелі аудармасы тұңғыш рет жарық көріп отыр. Осы байланыспен аудармадағы кейбір жайларды түсіндіре кетуді жөн көрдік. Бұл кітап Жырма алты

тарих аталатын жылнамалардың «Тарихи жазбалар», «Хәннама», «Сонғы Хәннама», «Үш патшалық шежіресі» деген алдыңғы жылнамасынан сұрыптап аударылды» (Аталған кітап, 1-том, 5-бетте) деп түсінік береді.

Қосымша айтарымыз, ҚХР-дағы қазақ тарихшылары Үрімжі қаласында бас қосып қытай тіліндегі «26 тарих» деп аталатын жылнамалар жинағынан қазақ тарихына қатысты деректерді аудару жұмысын 1995 жылы қолға алып, аяқтап 1998 және 2002 жылдары 2 том етіп жарыққа шығарған. Сақталғаны 31 бума екен. Кітапта осыдан 3600 жыл бұрын алғаш жазбаға түсіріле бастаған, содан кейінгі дәуірлерде қытай жылнамашылары әр патшалықтың тұсында, патшалық пен көршілес елдер арасында болған жағдаяттарды, оқиғаларды, мәліметтерді тізбектеп жазбаға түсіріп, жалғастыруға кейінгілерге қалдырып кеткен. Қытайдың 5 мың жылдық тарихы қамтылған бұл кітаптың ішіндегі біздің тарихымызға қатысты бумалармен танысып, кәдеге жаратқан тарихшы, жазушы, басқа да аздаған адамдар болмаса, көпшілік жұрт таныс емес. Қытай Халық Республикасының Ұлттар баспасынан 1998 жылы шыққан нұсқасынан қазақ тіліне аударылып, 2006 жылы «Өнер» баспасынан Қазақстанда тұратын он миллион қазаққа 500 данамен шығарылған. Бастапқыда алған оймен «Жаркент айнасы» басылымы арқылы біздің арғы түбіміз бір туыс тайпалар тарихымен таныстыру мақсатында «Тарихи жазбалардың» 50-ші баянынан «Ғұндар» туралы үзін беріп отырмыз. Ғұндар туралы өзге бумаларда да, баяндарда көптеген деректер келтіріледі. Дегенмен де алып отырған бумада ғұндар жайлы, олардың тұрмысы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі молырақ берілгендіктен осы баянға тоқталдым. Танысу барысында бір жақты жазып отырған мәтін иесі, қытай жылнамашысы екендігіне назар салғаныңыз жөн.

(Жалғасы 2-3 бетте)

ҚАЛИ ҚАРА ҮЗІП ШЫҚТЫ



Жұырда ғана Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына – 2021» онлайн фестивалі өтті. Аталмыш IV-ші рет өткізіліп отырған осынау Мәдениет және өнер саласы ұйымдары қызметкерлерінің шығармашылық жетістіктерін анықтау және талантты өзіндік ерекшелігі бар шығармашылық ұжымдар мен орындаушыларды қолдау мақсатындағы іс-шараның алғашқы сараптау кезеңі 12 - 14 мамыр күндері қортындыланып нәтижесі жарияланды.

Республика аумағының барлық жерін қамтыған бұл іс-шараға 300-ден астам, атап айтқанда – кітапханалар, мәдениет үйлері және музей саласында еңбек етіп жатқан мәдениет қызметкерлері қатысты. Республикамыздың 14 облысынан келген фестивальдің ең үздіктері 18-21 мамыр аралығында Ақмола облысының Бурабай шипажайына шақырылып, жеңімпаздарға үлкен құрмет көрсетілді. Фестиваль жеңімпаздарына көрсетілген құрметтің алғашқы қадамы Көкшетау қаласындағы «Болашақ сарайында» Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұловамен кездесу және мәдениет мейрамдарын марапаттау рәсімінен бастау алды.

Ертесі күні арнайы бекітілген бағдарлама бойынша «Айнакөл» қонақ үйінде ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешов пен мәжіліс депутаты Қ.Иса, Р.Думанұлы және акын М.Тәжмағанбетова, өнер мейрамдары А.Иманбаева, Ж.Сейділлаұлы, сондай-ақ, Ақмола облыстық мәдениет басқармасының мамандары қатысқан кездесуде мәдениет саласының жетістіктері мен негізгі өзекті мәселелер жайында сөз болып, қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға тұшымды жауаптар берілді.

Жеңімпаз қонақтарды Ақмола облысының мәдени-тарихи орындарымен таныстыру мақсатындағы іс-шаралар – Көкшетау қаласындағы Облыстық тарихи-өлкетану музейінен басталып, Бурабай кентіндегі музей мен «Абылайхан алаңындағы» сал-серілер ауылын тамашалаумен қатар, «Абылайханның жайлауы» және «Ботай» аспан асты ашық музейлерінде өз жалғасын тапты. «Бурабай» көлі, «Окжетпес» пен «Жұмбақтас», Бөлектау сынды табиғат таңғажайыптары мен концерттік бағдарламалардың аясында керемет әсерге бөленген фестиваль қонақтарының ризашылығында шек жоқ.


Соңғы марапаттау рәсімі «Rixos Burabai» қонақ үйінің заманауи әулім сарайында өтті. Музей саласы бойынша соңғы үш жылдық жұмыс нәтижесінің көрсеткіші бойынша «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік музей қызметкері» жүлдесін Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласындағы «Жауынгерлік Даңқ» музейінің меңгерушісі Ибраһымжанов Қали Тұрдығазыұлы жеңіп алды.

«Жаркент айнасы» газеті Бас редакторының орынбасары Қали Тұрдығазыұлының музей ісі саласындағы мерейлі марапатымен құттықтап, жұмысына табыс, шығармашылығына шақырту тілейміз!

Өз тіліміз

ҰСТАЗДЫҢ АБЫРОЙЛЫ ЖОЛЫ

Ол 1959-1964 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің физика-математика факультетінде құштарлықпен оқып, жаратылыстану ғылымының алуан түрлі тарауларынан, мысалы, молекулярлық және теориялық физика, физиканың тарихы, оптика, математикалық физиканың әдісі, математикалық анализ, радиотехника, техникалық механика, аналитикалық геометрия, электрлендіру, электротехника, материалдар технологиясы, астрономия, физиканы оқытудың әдіснамасы және қоғамдық-саяси пәндер бойынша жеткілікті білім алады.



Расында, Әдепхан Төреханұлының шығармашылық қабілеті, ойлау мәдениеті, ынта-зейіні қажыр-қайратпен толық білім алуға мол мүмкіндік тудырды. Рухани жетілуіне ҚазПИ мен ҚазҰУ-дегі әдеби кештер, әсіресе, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Орынбек Жәутіков, Қажым Жұмалиев, Мәлік Ғабдуллин сынды ұлт зиялыларының, ғылым қайраткерлерінің лекция-сұхбаттарын ой жүгіртіп, санамен саралап тиянақты тыңдаудың нәтижесінде керемет әсер дарытқаны, толық білімді меңгергені даусыз. Ел басына үйірілген қайғы бұлтын балауса болмысымен қабылдаған, тазалықты, адамшылықты мұрат еткен жас науша өмірдің де, тұрмыстың да, заманның да, білімнің де, ізгіліктің де, кәсіптің де мәнін терең ұқты. Қазағымның «халық қартаймайды, қара жер қартаймайды» дейтін қағидатын жүрегімен түсінді, қаламгерлік қабілетімен түсіндірді. Мұның тағы да бір себебі бар. Тағдырдың тәлкегінде, тәтті дәмін де татқан Әдекең орта мектептің табалдырығын Қытайда аттады да, Көкшетау өңірінде жалғастырды да, 1957-1959 жылдарда ата-баба қонысы Жаркент өңіріндегі Әулиеағаш бауырындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте оқып, талай тамаша тәлімгер-ұстаздардың алдын көрді, тәлімді дәрісін бойға сіңірді. Солардың бірегейі – ісі де, сөзі де, кісілік қасиеті өзгеше «Қазақстанға еңбек сіңірген мұғалім» химик Зағира Нүсіпбекова еді. Ол ҚазПИ-де оқыған жылдарында Алаш қайраткерлерінің көзін көрген, әсіресе Сәкен Сейфуллиннің лекциясын тыңдағанын және оның шешен де келісті сөйлейтінін, көркем кәсіпкер, кәсіпкер тұлғасын мөлдіретіп әңгімелеп, шынайы тыныштылықпен жеткізеді екен. Оқығыш, тоқығыш, ұқығыш Әдепхан Төреханұлы ой-сезім, жан дүниесін байытып, көзқарасын кеңейтіп-көркейтеп, жүрек, көңіл қазынасына, рухани игілігіне айналдыра білген, ұстаздық, ақындық еңбегінде, шежірешілік-дерекнамалық, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылық, жазу өнерінде шеберлікпен қолданған. Оның «Тіршіліктің бір тұтас тұлғасымын» деуі шынайы сыры, жанының лала лебізі.

Ұлттың ұлық қасиеттерін болмысына дарытқан, жер-су атауларының жетік білгірі, тумысынан текті Салпық бидің шөбересі, қарақөктің тұқымы Әдепхан Төреханұлы «Өссек, өссек, өссек» деп ата-бабалары Жаратқан ие тілеген мүбәрак мекен Көктал ауылындағы Абай мектебінде 43 жыл ұстаздық етті. Келешектің кемел тұлғасын, Ұлы даланың иесін баулуға ересен іңкәрлікпен, индивидуалдық-шығармашылықпен қызмет жасады. Осы бір еңбегінің күзлігіндегі – «Халыққа білім беру ісінің озық қызметкері, Алматы облысы мен Панфилов ауданының «Құрметті азаматы» атанды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Ол сондай-ақ Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Бір әсерлі сұхбатында өз ісінің майталманы Әдепхан Төреханұлы ұстаз қасиеттері дейтін ұлы ұғым қандай дегенде, оның сыр-сипатын былайша жіктеп, талдап көрсетіпті. Олар: әдептілік, ойлампаздық, талғампаздық, әсерленгіш, көрегендік, еңбеккорлық, азаматтық, адамгершілік, іскерлік, тәртіптілік, мейірімділік, рақымдылық, адалдық, ақниеттілік, тілектестік, ынталылық, ұжымшылық, сыншылық, идеяға сенімділік, шыншылдық, сыншылдық, қисындылық, бабаларға деген сүйіспеншілік, байқағыштық, ілтипаттылық, табандылық, жауапкершілік, жайдарлық, ашықтық, қарапайымдылық, әділдік, тапқырлық, батылдық, ұқыптылық, сыпайылық, сезімталдық және т.с.с.

Осы бір тандаулы сұңқарлық нышандар абыз ақсақал Әдепхан Төреханұлының бойында тұнып тұр. Оның ұшан-теңіз ұстаздық пен шығармашылық еңбегі – соның жарқын дәлелі. Император I Петр айтыпты: «Біреудің адам екенін, не надан екенін айыру үшін

10-ақ минут сөйлету керек» немесе: Жүсіп Баласағұни: «Кісі сирек емес, сирек кісілік» деген-ді. Мен 2020 жылдың 14-ші наурызында тәжірибесі мен білімі, білігі мен дүние тану тереңдігі, адамгершілігі мен еңбекшілдігі бір-біріне ұштасқан ар-ожданы таза ардагермен ұлы ауыл шаруашылық ғылымының докторы, профессор, меринос қойының авторы Айбын Әдепханұлының дария дастарханының басында жүздесіп әңгімелестім, өмірбақи осы мауелі бәйтеректей кісінің ығында жүргендей, жақсылардың рухын тірілткендей, зейін-зердеме ой жүгірткендей, нұрына бөленгендей сезіндім. Өзі толғанып жұтынтып жеткізгендей, тарих сыры, өмір жыры, ұлылар даусы көркем әуезе шерткендей. Бұл кісіде нағыз ұстазға лайық кадрлік қасиеттер, яғни білім, таным, мәдениет, парасат, ойлау деңгейі жоғары буланайдай заңғар шығармашылық тұлға екені анық байқалады. Әдекеңмен сөйлесу, пікірлесу бір ганибет. Ұстаз болмысы, дәрежесі, ерекше жаратылысы, пейіл-көңілі қандай дегенде Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с) ұстазға деген ізет-ілтипаты ойымызды сәулендіреді. Пайғамбарлардың сардары үйінен шыққанда 2 топты көреді. 1-ші топ Аллаға жалбарынады. 2-ші топ талапкерлерді оқытып жатыр екен. «Сонан соң Ұлы ұстаздың жіберген елшісін ғой деп, тәлімгерлердің қатарына келіп жайғасыпты. Тегінде, адам баласын мейірленіп оқыту, қоғамды ізгілендіру – ұстаз мандайына жазылған бақыт! Ұстаз жолы – адамшылық жолы.

Ұстаздық жолда жанкештілікпен еңбектенген ел зиялысы ой-қиялын, сезім дүниесін тербеген жаратылыстың таза, пәк көріністерін, таңғажайып суреттерін зерделі, жүйрік санамен қабылдап, мүмкіндігінше келісті сипаттаулар туындайды. Мысалы, «Белжайлау», «Бабақоныс – Басатжұрт», «Туған жерді аралап, жүр қайталық», «Сабалы», «Өртең сай», «Тауды аңсаймын» және өзге де қыр-толғаулары сыр дестесімен, сөз кестесімен айрықша көркемдік әсерге бөлейді. Табиғаттың тұңғыш сырлары мен бояуларын жандандырып, ассоциациялық байланыстар, поэзиялық салыстырулар жасайды. Мәселен:

*Өмірдің өрге тартып өрімдері,
Жондарың, жоталарың керіледі.
Гүлдерге қонақтаған шық моншағы,
Адамның асау қуған тері ме еді
(«Белжайлау»).*

Гүлдердің хош иісі, көркемдік әлемі оған «қонақтаған шық моншақпен» әсерлі көрініске ие болудың үстіне қазақ баласының бейне бір асау қуғандағы терімен ұқсатуы соншалықты поэзиялық безендірудің өзі.

Әдепхан Төреханұлының азаматтық әуенге бай асқақ даусында, жалынды лебізінде Мәңгілік Елге, кең байтақ көсілген даласына деген мейірім, дархандық, кемел көзқарас бар.

Таудың айбын-құдіретін, суретін, Ұлы даланың тамылжыған табиғатын, ұлылығын боймысына сіңірген, шығармашылық өнері мен өнегесін рухтандырған, қанаттандырған. Бұған мына бір сәулетті сөйлемдер, қуатты, шуақты, шұғылалы шумақтар дәлел.

Әдепхан Төреханұлының мағыналы өмірі мен шабытты ой толқындары мына бір түйдекте айқын бедерленген:

*Жетпіс бесте желмеймін,
бөрі желіс аяғым,*

*Туған жерді өріс қылып,
өлеңімді жаямын.
Жетпіс бес жыл көргенім,
ай менен күн, аспаным
Өмірімде өшпейтін,
менің өмірбаяным.
...Сайын дала, шың-құздар,
сырласамын бақтармен
Кұрғас болып кетемін,
мамырмен де, ақпанмен.
(«Жетпіс бесім сұр киік»)*

Ақынның басты мұраты – адалдық пен тазалық, ізгілік пен мейірбандық. Ендеше осы бір мөлдір қасиеттер әдемі көрініс тапқан:

Халықтың байтақ тәжірибесін, тәлімін, тұрмысын, жөн-жобаларын, этномәдениетін жүйрік білетін Әдепхан ақсақал «Киіз үйі қазақтың», «Тайқазан», «Ошақ», «Ертұрман», «Көкпар», «Қамшы» дейтін жырларында білгірлік танытады, поэзиялық суреттеулер өрбітеді:

*Салшы, ана, оюлаған сырмағыңды,
Сырмағыңда жасырын
сыр қалың-ды.
Етбетімнен жатып ап оқынышы,
Жазан ою-өрнекпен
сырларыңды. («Сырмақ»)*

Поэзияның сәні – сыр мен сезімге ой мен суретке бағынған көркем теңеулер тізбегі қандай мәнерлі, әуезді десеніңші!

Адам баласының рухани жетілуінің айрықша бір қайнар көзі – ғаламды, жаратылысты, өсімдіктер әлемін, жанды-жансыз дүниені шынайы ниетпен, түйсікпен, қабілетпен көре білу. Көре білу көреген зердені жақсы қасиеттермен байытады. Осы тұрғыдан келгенде, Ұлы даланың даңқты суретшісі Әбілхан Қастеевтің өнерпаздық, суретшілік тұлғасын білімпаздықпен түбегейлі сипаттаған. Ой жүгіртіп оқықшы:

Нәзік лиризм, күйлілік, сыршылдық – Ә.Төреханұлы поэзиясының басты сипаты. Ол нені жырласа да жан-тәнімен, ақындық қуатпен, суреткерлік қабілет-қарыммен, көркемдік сұлулықпен сыңғырлатып жеткізеді:

*Аққу көркем айдын көлді іздеген,
Ақ бөкенді көрсем жапан
түзде мен,
Жоғалтқаным табылғандай
іздеген,
Гүлді көрсем жапырағын үзбеген,
Соны сәулем өзін бе деп қаламын.
Ат суарып қайтсам
сылқым бұлақтан,
Үн естісем сыбыр
қаққан құрақтан,
Ай сәулесі түскен ерке толқыңға,
Жар қабақтан жасырын
тас құлақтан,
Соны сәулем өзін бе деп қаламын.*

Ұстаздығына сөзге, ойға, пікірге ұстатығы ұштасқан Әдекеңнің біраз өлең-жырлары ел тарихы мен тұлғатануға қатысты («Қарақол мен Есенқол», «Әтікпей батыр», «Салпық би бабамның рухымен сырласу»). Шежірелік деректер мен тарихи мәліметтер де жеткілікті. Бұларды ақыл елегінен өткізіп, талғампаздықпен қолданады.

Білімдар кей ретте ғылыми поэзия үлгісіне де («Көк күмбезі») жүгінеді, қазақтың даналық көзқарасы мен ғибратты пайымдауларын да («Қазақ айтқан») гүлдендіріп жырлайды.

Ұстаздық жолда ел алғысын арқалаған, әдеби-шығармашылық, ұлттық педагогикалық еңбегінде халық даналығын, ел мен жер тарихын зерделеген Әдепхан Төреханұлының «Әулиеағаш» турасында толқып тебіренгенде «Заманының сырласы, ғасырлардың құрдасы», «Ақсақалы ағаштың, берекесі орманның» дейтін лағыл лебізі бар. Ендеше өзі де қазақтың шежірелі, данағой ақсақалы. Ол айтады: «Сонау 1954 жылдан бастап әкелеп, ағалап, алдарынан кесе өтпей, қадір-құрмет тұтатын қасиетті ақсақал әкелерім мен сезімтал, сыр мінезді ағаларымнан естіген, ел-жұрт арасындағы аңызға айналған, шежіре сарынды» баяндарды жүйелеп жаздым. Соның айғағы – оның Қожамбет би (1815-1883), Салпық би (1830-1900), Қараменде би (XVI ғ.), Сады би, Тана би, Дәулет би, Малдыбай би, Шәнті би (1833-1900), Шойнақ батыр жайлы жазбалары. Заманның, халықтың сөзін сөйлеген ділмәр-шешендердің елдік істері, ересен тапқыр билік-кесімдері келісті әңгімеленеді. Ұлы Жібек жолының тарихымен де байланыстыруы да бұл жазбалардың тарихилық, мәдениеттанушылық, елтанушылық мәнін терендетте түседі. Айталық, «Сауда Салпық», «Бай Салпық», «Би Салпық» Жаркенттегі мешітті сәулеттендіруге, қала, егіншілік мәдениетін өркендетуге, ғажайып гүлдердің тұқымын, ағаштардың көшеттерін ит арқасы қияннан әкеліп отырғызғанын бажайлап түсіндіреді. Өркениет биігіне құлаш ұрған Салпық бидің алтыннан (мұнда қытайша жазу бар) және гауһардан (мұнда орысша жазу бар) құйылған мөрлері болған. Асылы, Салпық би тұлғасы мен мұрасы толық баяндалған.

Өз әкесі Төреханның (1908-1945) Құләймен, Дәнемен айтыстарын хатқа түсірген. Бұлар қыз бен жігіт айтысының бірегей үлгісі. Сонымен қатар үздік мақал-мәтелдерді де жинақтаған.

Ол жер-су атауларының шығу тәркіні мен шынайы сырын ел аузындағы көне аңыздарға сүйене отырып айқындайды. Бұл орайда «Әулиеағаш», «Делегей», «Қызылеспе», «Керей бұлақ», «Майлы шоқы», «Малайқара», «Басатқарағай», «Бурақожыр», «Баркөрнеу», «Сымтас», «Үйгентас» және т.с.с.

Жер-су тамыршысы «Жоңғар Алатауы» ұғымын былайша түсіндіреді: «Жоңғар» «жоталы, жонды», яғни «жоны қарлы жоталы Алатау», «жоны қар Алатау» сонан ықшамдалып «Жоңғар Алатауы» аталған дейді. Немесе «Қыз ұясы» құзының мағынасы: Алапат айқаста қазақтың қаһарман жігіті мен оның періштедей мінсіз сұлу жаратылған қарындасы жау қолына түседі. Қалмақ қолбасшысы қазақ аруына ғашық болып, тілегін жеткізеді. Егер де келісім берсең, ағаңа еркіндік берем деп уәде береді. Бұған қыз көнбейді. Бірде қалмақ нояны анда жүріп заңғар құздағы мұзбалалық ұясын көріп, оның балапаны ұшпағалып шығуына көңілі ауып, биікке өрмелеп шығатын сайпыққан жігіт іздейді. Бірақ ешкімнің де жүрегі дауаламайды. Сонан не керек тұтқын қыз құз жартастың басына шығып, балапанды мен қолыңызға қондырамын дейді. Бір шартым бар: ағамды елге, үйге қайтарасың. Қыз өжеттігімен сайтанның сырғанағындай жартастың үстінен балапанды қолға түсіреді. Ақылы асқан ару аппақ тәнім мен таза жүрегім қалмаққа қор болғанша, арқанды босатып жіберіп, осы бір ұяны асыл сүйегім мәңгі-бақи тұрақ етсін деп, зарлы жартаққа жабысып қалған. Сол бір заманнан даңқты қыз мекендеген құз «Қыз ұясы» атанған деп жазады шежіреші. Сондай-ақ ақынның «Қыз ұясы» дейтін дастаны да бар.

Ә.Төреханұлының «Ұлттық таным-тағлымы», «Еңкеймеген еменнің бұтақтары», «Баркөрнеу», «Елім дархан, жерім бай» (үш томдық) деген танымдық, тағылымдық еңбектерінде ұлттық салт-дәстүрлер, халықтық педагогика, ойын-сауықтар, ұлттық бұйым түрлері, ұлттық болмыстың киелі ұғымдары, даналық қағидадар мәні, мағынасы, асыл тегі тексеріледі.

Оның қазақ радиосынан да «Сағыныш сазы», «Назгүлім», «Тау қызы», «Қызыл еспе», «Жайлау әні» (әні, сөзі автордікі), «Жаз дидарлы Жаркент», «Анама» (сөзі автордікі), «Қырқыншы жылдардың келіншегі» атты әндері шырқалады.

Тегінде, ұстаздық жолда өнегесі мен өрелілігін, шеберлігін мен ізгілігін аямаған, өнер жолында «өмір жырын, тарих сырын» толғаған, қыран көрегендігімен мәуелі әулеттің бағбанына нәм «адамдық диханшысына» айналған сексеннің сенгіріне шыққан ел серкесі абыз ақсақал Әдепхан Төреханұлының ел-жұрты, ер-тұрманы аман болғай деп тілеймін!

Серік НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ағымдағы жылдың 30 сәуірінде өзіміздің аудандық «Жаркент айнасы» газетінде менің «Осы жұрт Мамырханды біле ме екен..?!» атты мақала жарыққа шықты. Байқаймын газетті алған кісілердің бәрі бірінші беттегі мақалаға шұқшия қалып, елеңдесіп жатыр... Журналист, жазушы, облыстық «Жетісу» газетінің меншікті тілшісі, ауданымыздың «Құрметті азаматы» Мырзағали Нұрсейіт аға қалта телефонмен хабарласып газеттің жана нөмірін сұрады. Мекен-жайды айттым, лезде келіп алып кетті. Себебі, ол кісінің де осы нөмірде бір көлемді жұмысы басылып шыққан болатын.

Содан ойда дөнеңе жоқ отыр едім, жарты сағат болмай ағамыз телефон соқты. «Тағы бірденені ұмытып қалған-ау» деп, ойымды жинақтап үлгермей Мырза ағамыз маған алғысын жаудырып кеп берді.



«МАМЫРХАН НҰРҒАЗЫҰЛЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҮЛКЕН КӨТЕРІЛІСТІҢ ҚОЛБАСШЫСЫ»

– Ой, Қалеке мына Мамырхан аға туралы жазғанына риза болып отырмын. Дем алмастан оқып шықтым. Осы тақырыпты көтергеніңе мың алғыс! Бұл кісі сондай мықты адам болған, амал не халық жадынан өшіп бара жатыр еді, қайта түлеткеніңе рахмет, інім!, – деп, бірінен кейін бірін айттып, небір жақсы тілектермен көміп тастады. Ағаға қарсы сұрақ қойдым:

– Сіз білуші ма едіңіз?

– Охо, білгенде қандай, көзін көріп, көрші тұрып бұл кісілердің әңгімелерін бала күнімізден естіп өстік қой, – дейді.

Қуанып кетіп, «тамаша аға, онда маған бір сұхбат берсеңіз» дегенімде аңқылдақ ақ жүрек ағамыз:

– Жақсы, мен біраз ойланып есіме түсіріп, одан кейін біраз үлкен кісілерден кейбір ұмыт бола бастаған кезеңдерін тағы бір сұрап нақтылап алайын, – деді.

Мен қуана келістім. Бір аптаға жуық уақыттан соң қайта телефон соқтым. Мырза аға өзі келіп, дәл сенбі күні Мамырхан аға туралы сұхбатын беріп кетті. Енді, Мырза ағаның естелік лебізіне кезек берейік.

– Ал, енді аға әңгімеңіздің басын өзіңіз айтқандай балалық шақтан бастасак...

– Жақсы. Мен ғой бала күнімнен осы өзіміздің Жаркенттен шығысқа қарай он шақырымдай қашықтықтағы Қорғас – Жаркент үлкен күре жолының бойындағы Аккент ауылында өстім. Ауылдың солтүстік жағындағы бөлігін сол кездерде «көне Аккент» деп атайтын. Жол үстінде көп қозғалыс жоқ, онда-санда мылтығын шошайтып кезекті күзеттерін ауыстыруға кетіп бара жатқан шекарашылар мен Пенжім ауылынан қалаға қатынаған колхоздың бастықтарының көлігінен басқа тірі жан жоқ, өлі тыныштық болушы еді. Сол өткен ХХ ғасырдың 1955 жылдары шекараның Қытай жағындағы қандастарымыз алғаш арнайы паспортпен (талқужат), 1960 жылдардан кейінгілері шекара бұзып қашып өтіп көптеген жерлеріміз туған жеріне оралды.

Ол кезде мен 7-8 жас шамасында, есімді біліп есейіп қалған кезім. Өлгі қозғалысыз жататын қара жолға жан бітіп, күндіз – түні жүк пен адам тиеген көліктер шығыстан батысқа қарай толассыз өтумен болды. Кейін мәлім болғандай, олардың бәрі Жаркенттегі көші – қон бекетіне әкелініп, жан-жаққа тарқатылған екен. Біздің өңірдің тумалары өздерінің туған жерлерінде қалып, ата-баба қонысының түтінін қайта түтетіп, соғыстан кейінгі сұрқай тірлікке жылы шырай кіріп, ел еңсесін тіктеген бір мамыражай уақыт келгендей болды. Кейін білгеніміздей, Жаркенттегі аталмыш көші-қон бекетіне Берлиндегі рейхстагқа ту тіккен қазақтың қаһарман қайсар ұлы, батыр ағамыз Рақымжан Қошқарбаев басшылық жасапты.

– Сол шекара асып келген ағайындарымыздың алғашқы кезеңдегі өмірі, тіршілігі мен қарым-қатынасы туралы айттып өтсеңіз.

– Тап сол кезеңде арғы беттен қоныс аударып келген осы өзіміздің аймақтың бұрынғы тумаларының бір легі біз тұрып жатқан Аккенттегі бос тұрған үйлерге келіп орналасты. Міне, солардың қатарында сіз айттып отырған Мамырхан аға, інісі Әбіл, Нұржұмалар болған. Олар алғашқы уақытта өздерінен бұрын келген аталас туысы Данияр қарияның үйіне келіп түсті. Ауылымызда бар-жоғы бір-ақ көше болатын. Содан біраз ес жиып алған соң сол көшенің жоғарғы жағындағы бос жерге бұл кісілер бір жазда қатар-қатар қоржын тамдар салып тұрақтап қалды. Қазір ойлап, есіме алып көрсем сондағы ол кісілердің жас шамасы 30-40-тың арасында екен ғой. Бірақ, заманның тауқыметі өз белгісін қалдырған жүздері біздерге үлкен, кәрі етіп көрсететін.

Бәрі бірі қалмай колхозға (ұжымшар) мүшелікке өтіп, түрлі жұмыстарға орналасты. Қолдары бос уақытта шағын алаңқайға жағалай отырып әңгіме-дүкен құрады. Біздер үшін ол кісілердің айтқандары бейне бір ертегідей қызық, тырп етпей отырып тыңдайтынбыз. Мамырхан ағалардан ілгеріде келген Әбіш аға да арғы бетте әскер қатарында болып, көтеріліске қатысқан. Сағатбек, Асылбек Әжікенұлы тағы басқа қариялар малдас құрып отырып арғы бетте өткен өмірлерін, тіршіліктерін жиі еске алатын, барлығы да керемет әңгімешіл еді. Ұйып отырып тыңдап әсерленгеніміз сондай, біздер өзімізді сондай бір керемет шытырман оқиғаларға толы кино көргендей сезінетінбіз.

– Ал, енді аға, Мамырхан Нұрғазыұлы туралы бар білгеніңізді ортаға салсаңыз, біздер көпшіліктің назарына ұсынасақ.

– Солардың ішінде Мамырхан аға ғой көп сөзге жоқ, бірақ тапқырлыққа бейім қысқа да нұсқа лебізімен ерекшеленетін. Ағамыздың мінез-құлқындағы менің байқаған ерекшелігім әр сөзі өткір, қалжыңы мен әзілі де жарасымды, аз сөзбен көп нәрсені жеткізетін, шағын денелі төртбақ келген жігіт. Қимылы тез, өте шапшаң қозғалатын, көбіне Әбіш екеуі әскердегі кездерін айтып бірін-бірі толықтырып отыратын.

Ең қызықтысы «Оспан банды» туралы айтқан әңгімелері болушы еді. Енді біліп жатырмыз, коммунистердің теріс үгіт насихаттауының бет пердесі ашылып, Оспан Исламұлының Шығыс Түркістандағы қазақ халқының азаттығы үшін күрескен жаужүрек батыр екендігін. Сол әңгімелерінде Оспан батырдың әскерімен бірге «Мамырханның полкі» жайында көптеп айтылатын.

Біздер бала күнімізден кітапқұмар болып өстік қой. Сөйтіп, күндердің күнінде Қ.Жұмаділов ағамыздың «Соңғы көш» романын оқығанда «Мамырхан көтерілісі» жайлы білдік те, ойға қалдық, «..бұл қай Мамырхан болды екен..?» деп сұрастыра келе кітапта жазылған кейіпкер өзіміз күнде Аккентте көріп жүрген қарапайым ағамыз екенін білгенде таңтамаша болдық. Әкесі Нұрғазы ағамызды да көрдім, ұзын бойлы, сақалды кісі болатын, Данияр деген қарияның үйінде тұрған. Бір-бірлеріне түрлері, сырт бейне бітімдері де ұқсас еді, сөйтсек, аталас жақын туыс жандар екен ғой. Бірақ ол кезде Мамырхан аға салт басты адам еді. Енді сырттай естуіміз бойынша Қытайда жүргенде ол кісінің отбасының болғандығын, Мамырханды ұстай алмаған гоминданшы қытайлар бір түнде өлтіріп кетіпті десе, екінші біреулері балалары ауырып қайтыс болып, батыр сотталып кеткен соң әйелі басқа бір адамға тұрмысқа шығыпты. Шекарадан бері өткенде алыс ағайындарының бірі көрген екен деген сияқты түрлі алып-қашпа сөздерді еститінбіз.

Анығын Мамырханның өзінен сұрауға ешкімнің батылы бармайтын. Және де менің де бала кезім емес пе, одан бері қаншама жыл өтті анығын менде ұмытып қалыппын. Ал, жастауы Нұржұма болды да, кейін ол да үйленіп еді, бірақ жастай қайтыс болды.

Өзің білесің, ауылымыз Аккент үлкен күре жолдың бойында, сол жағалауда кең үйі бар, колхоздың ешкісін бағатын Мәріп деген қариямыз тұратын. Сол 1960 жылдардың өзінде халықтың тұрмысы нашар болатын, соғыстың зардабы әлі сейіле қоймаған кез. Содан кешке өрістен келген ешкілерді Мәріп атаның қорасының алдына иіріп қойып, ауылдың қыз-келіншектері сауып сүтін алатын. Атамыздың Мұсахан деген мұғалім ұлы және бойжеткен қыздары болды. Балаларының үлкені, кішкене күнінен кінәрат болды ма екен бір аяғын сылттып басатын Көкен (Құлмария) тәтеміз еді. Міне, осы Көкен тәтеміз бен Мамырхан ағамыз қосылып отбасын құрды. Үлкен ұлдары Қанат осы Аккентте дүниеге келіп, ол ес білген кезде батыр ағамыз жоғарғы Еңбекші ауылына көшіп кетті.

– Мырза аға Мамырхандай есімі ел жадынан өшуге айналған батырдың тұлғалық қасиеті жайында не айтар едіңіз?

– Кейін есейіп мамандық алып, біраз тәжірибе жинақтағаннан соң өзімше журналистік зерттеулер жүргізіп көрсем, Мамырхан ағамыз Шығыс Түркістанның азаттығы үшін, онда да басым көпшілігі байырғы дәуірден ата қонысында отырған қазақ халқының және аз мұсылман елі саналатын қырғыз, ұйғыр, дүнген тағы басқа халықтардың тәуелсіздігі жолында қолына қару алып күрескен

батыр, айтулы қолбасшы болған екен. Менің сол кезде байқағаным, Мамырхан аға кез-келген ортада өзін байсалды ұстайтын. Көп сөзге араласпаса да мығым отырып, қатар-құрбы немесе басқа да замандастарына әзілдегенде ойы ұшқыр, сөздерінде тапқырлық басым еді. Ол кісінің айтқан әзілге толы уәждеріне жағалай отырған ауылдастары еріксіз күліп, риясыз мойындайтын. Көбіне Әбіш аға екеуі әскери жорық кезіндегі бастан кешкен уақиғаларын, қытай шеріктеріне қаһармандықпен қарсы тұрған, әсіресе Оспан батыр сарбаздарының табандылықпен шайқасқан ерліктері жайында әңгімелейтін. Ондай сәттерде екеуінің де жүздері нұрланып, көздері от шашып, ерекше бір әсерде бейнелейтін.

Не десе де, көптің аты көп, Оспан батыр көтерілісінің жеңіліс табуы, одан кейінгі қытайлық гоминданшылардың

да ойсырай жеңіліп, билік басына Мао Цзе Дун бастаған коммунистік қызыл қытайлардың билікке келгені жайлы да сөз болатын. Осынау қанқұйлы биліктің ұйымдастыруымен Москваға үлкен жиылысқа шақырып жатыр деген желеумен бүкіл Шығыс Түркістан үкіметі басшыларын ұшаққа отырғызып, Байқал көлі маңында апатқа ұшыратып (атып түсірген) жойып жібергендерін қазіргі тарихи деректерден білеміз. Сондағы Маоның негізгі мақсаты – Шығыс Түркістан өлкесін өзіне қаратып, бағынышты ету болатын және солай болып тынды да.

Және де Мамырхан ағаның түрмеде жатқанда көрген қиыншылығының бірі енді есіме түсті, алғашқы жауап алу кезінде болса керек «тар камера, жан-жағында асты-үстіңді қоршай толған үшкір темірлер, не отыра алмайсың, бойыңды тіктесең басыңа кіреді, не жаныңа қарай қимылдай алмайсың азаптың азабы болатын» деп айтқаны бала кезімнен есімде қалыпты.

Енді, Мамырхан Нұрғазыұлының тұлғалық бейнесін зерттеп, халыққа жариялап жатқанына қуаныштымын және де қаламдас інілеріме зор ризашылығымды білдіремін. Өйткені бұл кісі зерттеуге тұрарлық тарихи тұлға. Өттең қолымыз қысқа, әзір қытайдағы дейміз, анығы ол кісі Шығыс Түркістандағы үлкен көтерілістің қолбасшысы. Кеше ғана қолымызға тиген «Жаркент айнасы» газетінде жарияланған «Қытайды шулатқан Мамырхан көтерілісі» атты мақала мен негізгі кейіпкері Мамырхан Нұрғазыұлының өз қолымен жазған күнделігінен де батыр ағамыздың ой қозғау қабілетінің шеберлігін, сондай-ақ, көсемдік, қолбасшылық болмысын бірден байқаймыз. Демек, жәй қарапайым жандардың бойында ондай әскери қолбасшылық пен бірге өз ойын, көзқарасын нақты және жүйелі жеткізе білетін даралық қасиеттің бола бермейтіндігін бәріміз де білеміз. Осындай жеке тұлғалық қасиеттеріне қарай Мамырхан Нұрғазыұлын зерттелмеген, дерегі толық жетпеген, жарияланбаған ұлттық батырымыз деп айтуымызға да әбден болады. Өмірінің көмескі жақтары әлі де жан-жақты зерделенбеген тың тұлға.

Егер, мүмкіндік болса арғы беттегі Құлжа, Үрімжі қалаларындағы ғалым ағайындардың көмегіне сүйеніп мұрағаттарда сақталған деректермен пайдалана отырып зерттелсе, еліміздің белгілі тұлғасы болған батыр ағамыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге ретінде жария етуге болар еді.

– Әңгімеңізге көп рахмет, аға!

Сұхбаттасқан Қали Тұрдығазыұлы



Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, ақын, Республикалық шығармашыл жастардың «Жігер-83» жыр-фестивалінің лауреаты. Панфилов ауданының Құрметті азаматы. «Егіз қалам», «Бір құсым бар...», «Уақыт өрнектері», «Литинат», «Ойтолғақ», «Дала жыры», «Алтын кездік», «Сыр сандық» атты жыр жинақтары жарық көрген.

ПАРСАТТЫҢ БАСТАУЫ

«Поэзия – махаббатпен басталып, парасатпен аяқталады».

Мұқғали Мақатаев.

«Махаббатты жазар жастан өттік қой, деді күліп, бір әріптес құрдасым – жастық шақта аямай тер төктік қой, сыры да бір, жыры да бір мұңдасым...»

О махаббат, жастық кезең белесін, сенсіз тіпті елестете алмаймыз. Біз өлгенде, сен де бірге өлесің, сенсіз тірі-өлікпіз ғой, жанбаймыз!

Дегенде Абай: «Махаббатсыз өмір бос», айтпаған тек, қыз бен жігіт арасын. Махаббатқа парасатты сезім қос – сүйсе егер, туған жерін, даласын.

«Сүйсе егер» дегенім, жәй сөзім ғой, туған жерін сүймейтіндер бола ма?! Болса егер, жүрегі ояу, сезімде ой, сарқылмайтын күш бермей ме санаңа!

Егер біреу жақсы өмірді, байлықты, артық көрсе Отан махаббатынан, бұл жалғанда кім болса да, ол «мықты», қарғыс алар Ұлы Дала атынан!

Ал, махаббат, жасай берер мәңгілік, жаны таза, ары таза жандармен. Аялайды өмір бойы ән ғылып – Сүйе алғанның жаны бөлек жалғанмен!

Сүйеді әркім, отбасын, әр баласын, балдан тәтті немерелер – өмірің! Олар үшін сен керемет данасың, тұмар еткен болашаққа сенімін!

Таусылмайтын қоғамның кем-кетігі, мазаңды алар, болашақ не болар деп. Отан мен тіл – өмірдің бар тетігі – сол екеуі қандай күйде қалар деп...

Сені өлімнен күшті ғылып көрсетер, жүректегі махаббаттың осынау. Парасаттың денгейін сол өлшетер – шын махаббат осы емес пе досым-ау?

Жаспен бірге қызығым да өтті деп, қамықпаңдар қанатты ойдың достары! Құрметтейді ел, парасатқа жетті деп, ал махаббат – парасаттың бастауы!

Қорқамын дедім, өтірік мақтайтындардан, көзіне күліп, сыртыңнан даттайтындардан, тағдыр жолында, қайсыбір сыналар шақта, қарсыласыңды қуана жақтайтындардан.

Қорқамын дедім, ашық кеп айқаспайтындардан, сыбырлап жұртқа, жағымсыз ой тастайтындардан. Сүрлеуіңнен байқаусыз сүрініп кетсең, үрке қарап, оскырып, ойкастайтындардан.

Қорқамын дедім, мінезі тайғанақтардан, баршылыққа мастанған бай-манаптардан. Қорқамын дедім тағы да, тұрлаусыз мынау, өсекшілер таратқан ақпараттардан.

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ:

Қазақстан – сенің атамекенің, ол аманда – арман асқақ, мұрат тең!

Кес-кестесе егер де жолыңды «қулар», бағың түгілі, бас салып сорыңды сынар... Қорқақ емес, жігерлі жігіт едің ғой, сақтанып жүрген, дегенмен, орынды шығар.

СЕНДЕР БАРДА...

Сендерге айтам жас өркені қазақтың, алды-артыңды ақылменен ойлаңдар. Мәңгі болсын десендер бұл азат күн, білім, ғылым тереңіне бойлаңдар.

Ана тілің – Ұлт коды екенің, түсініңдер жүрепкең, ар-ұятпен! Қазақстан – сенің атамекенің, ол аманда – арман асқақ, мұрат тең!

Біліміңмен, өнеріңмен өрістеп – «Қазақтардың жастарың-ай!» десін ел! Игіліктің киесінен жеміс жеп, батыл басып өркенің көшіне ер!

Салт-дәстүрің, қолөнерің бәрі де, ұлттыңның ұлағаты ежелден. Бастау алар түп тамырың әріден – сол болмаса кім екенің сезер ме ең?

Жеті қыры сенің Ұлы Далаңның – Рухани мақтанышың – түсіңсен! Бірінде жоқ ол қасиет ғаламның, кім болғаның, нарқын оның түсірсен?!

Арлы болсаң, арманыңа жетерсің, бір Алланың өзі жебеп қолдаса! Суға түскен тұздай жоқ боп кетерсің, рухани құндылығың болмаса.

Сендер барда, Қазағың бар, халқың бар, мәңгі сөнбес сенімдер мен үміттер! Сендер барда, Тілің менен салтың бар, ару қыздар, от жүректі жігіттер!

КЕШІРУ

*«Алдыңа келсе, атаңның да құнын кеш!»
Халық мәтелі*

Кешіруді үйренейік бәріміз, бала-шаға, жасымыз да, кәріміз. Кешіре алсаң пендені шын түсініп, ашудан соң, жай табады жаныңыз.

Кешіре алсаң білместігің басқаның, өзгересің уақытта қасқағым. Қасіретсіз қайтарасың өзіне, дұшпаныңның саған арнап тосқаның.

Қайтарасың қарғысын да, уын да, суырылмай қалар қанжар қынында. Білгің келсе осы сөздің шындығың, кешіріп көр бір адамды шынында...

Кешіруді үйренейік бауырым, соған шақыр бүкіл қазақ қауымын. Бұрынғыдан көріктеніп, гүлденіп, рақым нұрын оранады дәуірің.

Тазарғанда жүректегі қанымыз, бір екенін түсінесің жанымыз. Сол болсыншы ішер жалғыз дәріміз – кешіруді үйренейік бәріміз.

СӨЗ ҚҮДІРЕТІ!

Пай, пай, сөздің құдіретіне қайранмын! Қанша жұтсаң қауарына қанған кім! Сенің түпсіз тұңғығың жеткізбей, Құзырыңа мен де жіпсіз байландым!

Пай, пай, сөздің құдіреті-ай, бір тылсым, тылсым күші ғарышта ма, кім білсін! Даналықпен таңқалдырған Әлемді, Нарқы бөлек шайырлармен бір жүрсін.

Сөзбен ашқан гүлзардағы таң гүлін, Себетелкен тілмен көктің жаңбырын. Қай дүірде көрмеген сәл ортайып, Жауһар менен нұрға толы сандығың!

Құт қондырған ата-баба ізіне, Арулар да құлақ салған сүзіле. Сен тосқауыл болып едің сан рет, Төніп келген қылыштың да жүзіне.

Пай, пай, сөздің құдіретіне тәңтімін, Сарқылмайтын қазынасы халқымың! Өзге тілмен өрнегіңе кір жағып, Түсірмеңдер Сөздің құнын жарқын!!!

АЙТАР БОЛСАҢ...

Мені көбі ақынсың деп мақтайды, одан артық сөз де бәлкім таппайды. Маған оның «Ғажап ақын!» дей алмай, жәй, «ақынсың» дей салғаны жақпайды.

Мақтауының ар жағында мазағы, тұрғандай боп, жыным кейде қозады. Жыр туатын Ақын емес, ағайын, жәй өленді «өлеңші» де жазады.

Алған жақсы-ау, сол екеуін айырып, асау сөзді асқақ оймен қайырып. Ақ алмастың өткір жүзін байқамай, алмау үшін тасқа шауып, майырып.

Мақтау менен даттау сөздің арасы, пышақ жүзі секілді-ақ, шамасы... Сөзі түгілі, біреулердің пиғылын, білдіріп-ақ тұрмай ма көзқарасы.

Ойлы пікір, көтереді белеске, жақсы сөзде жылу болады емес пе?! Айта алғандар шыңнан бір-ақ шығарар, тастай салмай тайқы маңдай дөңеске.

Айтар болсаң, айту керек жандырып, тыңдаушының айызын шын қандырып! Естіген жұрт қалғандай боп мәңгіріп, тұрсын сөзің құлағыңда жаңғырып!

ӨМІР КЕСТЕМ ҚАЗІРГІ...

«Бос уақытыңыз бола ма?» деп бұйымтай айтатын ағайындарға әзіл-шыны аралас көңіл назы.

Түніменен өлең болып өртеніп, түске әзер жыйнап алам «күлімді». Қалған кезде, кейде өлеңсіз ерте «өліп», кітап оқып жуасытам «жынымды».

«Қолым боста» мымды ой аралап, түрлі-түрлі саяхаттар жасаймын. Түніменен соның бәрін саралап, ақ тақтаға қаламмен жыр қашаймын.

Кейде кетсем, тау мен тасты аралап, кейде кезем ертегілер әлемін – жындар менен жезтырнақтар жаралап, жырдан тауып, жазыламын жан емін.

Солай, менің бос уақытым болмайды, сәл саңлауды немереме арнаймын... Кемпірім мен ұл-қыздарым қолдайды – қазір күйбең тұрмысқа «көз салмаймын».

Сондықтан да, тие ме деп қолыңыз, ағайындар, қинамандар, өтінем! Түйіскенде анда-санда жолымыз, жыр сұрасаң, шалқып біраз желпінем!

Менің өмір кестем осы қазіргі, арасында емделуім тағы бар... Қызығымен қыздыратын қанымды – әңгімеге... кінә жоқ қой тағылар...

АТАМЕКЕНГЕ БАРҒАНДА...

Өткен күзде Шежінге жолым түсті – сырып қойып бәрін де, ұмтылғамын. Баласының бір сүйіп қолын күсті, жеңгемізді сөйлетіп сыр тыңдадым.

Сосын барып зиратқа дұға оқыдым, туыстардың еске алып әруағын. Бағай баба тасына жыр оқыдым, өзімізге ерлігі, бәрі мәлім.

Бірақ билік елемей жатыр әлі, ер есімін ескеріп дәріптемей. Немкеттілік тырнағын батырады, бір қалмақтан есесін алып бермей...

Сәуле түссін деп ойлап санамызға, Әбілхан аға паркін де жасап едік. Қылқаламнан сыр шертіп баламызға, тастан белгі орнатып, қашап едік.

Сол қалпы қалғандығын көріп тұрмыз, рухымыз бұл жерде жаңғырмапты. Бүгінгі замандағы ерікті ұл-қыз, жаңғыртайын деп тіпті қам қылмапты.

Не дейін, өз қолымды кесейін бе, жартастан естіледі құры жаңғырық. Өсеміз бе білмеймін, өшеміз бе, кім өтпелі, бұл күнде кім мәңгілік?

Сағынышпен қараймын Шежініме, Қастеевтің ізі бар әр тасында. Саған бүкіл дүние көз тігуде – қылқаламның құдіреті арқасында!

Арқас таудан бұлттар жөңкіледі, шуда жүні секілді кәрі атанның... Қабырғалы қазақтың еркін елі – көрсе екен заманның шарапатын!

ИТ ТӨРЕСІ

*«Ата, төбет деген қандай ит?»
деп сұраған немереме жауап.*

Жыр болып жеткен бүгінге, қазақтың айтар сыры көп. Ырыс деп білген итін де – жеті қазынаның бірі деп.

Демеңдер неге сенді екен? Ғасырлар екшеп- елепті... Ит төресі дейді екен, тазы мен нағыз төбетті!

Тазының сырын білмеймін, ал, төбетім бар еді. Баламын, онсыз жүрмеймін, тұлғасы бейне, «нар» еді.

Ғарышқа сапар бастаған, Гагарин ұшып жақында... Күшігіме көзін аспаған, «Ұшар» деп қойғам атын да...

Ұшарым, қорғар бөтеннен, ит болды ірі бітімді. Сұрап ем сырын әкемнен – төбеттің деді тұқымы.

Мен әлі бірақ, баламын, асыр сап ойнап, алыстым... Қазынаға теңер қазағым, төбетпен солай таныспын.

Айбатты, сұсты үргені, дауысы жуан, ерек-ті. Сәрсенбі атамнан білгенім – сырттаны екен төбеттің.

«Ол барда малды қораға, итқұс та сирек шабады. Сен оны итке санама, адамдай есті болады.

Өлексе етін аузына, алмайды, аштан өлсе де. Қоймасаң тамақ алдына, иіскеп те қоймас, көрсе де.

Бекерден мұны білгендер, төресі иттің демейді. Шәуілдеп анау үргендер, маңайына да келмейді...»

Тілеймін дұға қартыма, төбеттің ашқан қыр-сырын... Құрметпен қарап салтына – сендер де біліп жүр күнім!

ЖАУАПСЫЗ СҰРАҚ...

Шыға салып көгіме шырақ-күнім, көкейдегі іздеймін сұрақ сырын. Өмір бойы сенделіп, жауап таппай, дүниеден өтетін сияқтымын...

Көкейіме сол сұрақ кеп тұрады, жүйкемді де жеті боп жеп тұрады. Ғайып дауыс сыбырлап құлағыма – «Неге келдің өмірге?» деп тұрады.

Ақ-қараны түйсігім айыра ма? Айырғандар «дертінен» айыға ма? Осы сұрақ, білмеймін, менен басқа, тірілердің бәріне қойыла ма?..

Неге мені ақын ғып жаратты екен, ой-араға неліктен талатты екен? Өзім білмей, өзгеге не демекпін – Қиялымды қайткенде қанатты етем?

Ұшып жүріп жер бетін араласам, көргенімді санаммен сараласам... Адамзаттың қолымен қылған ісін, көкейіме тоқып ап, шамаласам.

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПРОВПЕН БІРГЕ КҮРЕСКЕН ЖАМПОЗ



Осынау орта бойлы, жүрісі ширақ, ойы ұшқыр, сөзі жылдам жігіт ағасымен танысқаным жыл-жарымдай уақыт болып та қалды. Өн бойындағы қимыл қозғалысына қарағанда тез шешім қабылдап, кез-келген жұмысыңды шапшаңдықпен еңсеріп, рет-ретімен бітті-бітті жасайтын ерекшелігі бар-ау, шамасы. Туған-туыс, дос-жаранның алдындағы сыйластық беделі мен ағайындық қарым-қатынасы бір төбе. Қазақ атам айтқандай, «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дегендей таныстығымыз сыйластыққа ұласқан осы уақыт аралығында Айдаржан ағамызды жақын тани бастадым да. Саралап қарасам күндегі көрініс жүрген қарапайым ағамыздың өмірі мен жасаған тірлігі көпке өнеге болғандай-ақ екен.

Сонымен, қолға қалам алдыртқан осы мақала кейіпкері – Нүсіпов Айдаржан ағамыз 1951 жылдың 11 маусымында Жамбыл атындағы колхоздың (ұжымшар) Бұрхан ауылында дүниеге келіпті. 4-ші сыныпқа дейін сол Бұрхан ауылында, одан 8-ші сыныпқа дейін Ақжазық пен Мұсабек ауылдарында білімін жалғастырды. Ал, 10-шы сыныпты 1969 жылы Жаркент қаласындағы Б.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінен бітіріп шықты. Жылға жуық ата-ананың қасында, ауыл арасындағы ұсақ-түйек шаруалармен жүрді.

Сөйтіп, 1970-1972 жылдары уақыттың тап сол кезеңінде әр ер азаматтың қасиетті міндеті саналатын Кеңес әскері қатарындағы әскери борышын Дальний Восток, Белогорск, Свободный Хабаровск қалаларында өтеді. Әскери қызметін өтей жүріп РТВ (Ракетно-танковый войска) әскери бөліміндегі арнайы сержанттар даярлайтын мектепте оқыды.

Одан әскери міндетін өтеп келгеннен кейінгі 1972-1974 жылдары бойына біткен еңбеккерлігі мен зеректілігі арқасында емтиханнан сүрінбей өткен Айдаржан Семей (Семипалатинск) қаласындағы Пушкин - меховой техникумының «Товаровед животного сырья» мамандығы бөліміне оқуға түсті.

Сол техникум қабырғасында студент болып жүрген жылдары спортқа ден қойып, классикалық күрес секциясына қатысты. Онда жолы болған Айдар ағамыз КСРО-ға еңбегі сіңген жаттықтырушы, күрес өнерінің жілігін шағып майын ішкен маман Роман Хасенович Илматовтың қол астында болды. Және де Кеңес одағына аты әйгілі, 1980-ші жылғы Мәскеу олимпиадасының чемпионы болған атақты палуан Жақсылық Үшкөмпіров пен ағайынды Бабочевтар, Жаркенттік жерлесі Исаев Ермек, т.б. сынды одаққа есімдері әйгілі болған атақты спортшылармен бір қатарда нық тіресе жаттықты. Алғырлығымен қоса денесі құрыштай шымыр Айдаржан спорттық жарыстардағы белдесулерде талайдың жауырынын жер искетіп көзге түсті, жеңімпаз атанды. Классикалық күрестен берілген нормативті уақыты орындал, дәрежесі өсіп КМС (Спорт шеберлігіне кандидат) болды. Осы күндері өткен өміріне ойша оралып, сонау студенттік шақтардағы боз кілем үстінде бірге жаттыққан замандастарын есіне алса болды кеудесін сағыныш пен мақтаныш кернейді. От пен судан тайынбайтын қайран жанып тұрған жастық шақ-ай...

Сағат тіліндей зырылдаған уақыт бір орнында тұрған ба, көзді ашып-жұмғанша студенттік өмір өте шықты. Сөйтіп, 1974 жылы техникумда оқыған мамандығы бойынша жолдамамен Ақтөбе облысы, Ленин

ауданындағы Ботамша елді мекеніне ауысты. Сол жылы алған мамандығына орай қызмет істеп жүргенде бұрыннан танысып, білісіп, жүрек қалауымен ұнатқан қызы Турлыбекова Толқын Қапарбекқызымен бас қосып, жанұя құрды. Жұбайы Толқын Семейдегі Медициналық училищені қызыл дипломға бітіріп, Ленин ауданындағы ауруханада жұмыс жасады және де тұңғыш қыздары сол Ақтөбе облысында дүниеге келді.

Келесі, 1975 жылы ағайын-туыспен ақылдаса келе жанұясымен өзінің туған жері Панфилов ауданына қарасты Жаркент қаласына қайтып оралып, еңбек жолын әрмен қарай жалғастырды. Жолдары болып, жары Толқын Панфилов аудандық ауруханасындағы балалар бөліміне медбике болып қайта жұмысқа орналасты. Айдаржан ағамыз болса «Өскемен жол құрылысы» институтының сырттай бөліміне оқуға түсіп, «Панфиловколхозстрой» тресіне қарасты «ПМК-304» мекемесіне алғашқыда мастер, кейіннен прораб, одан кейін инженер болып көп жылдар үздіксіз қызмет жасады. «Панфиловколхозстрой» тресінде бірге қызмет жасаған, еңбек майданындағы қиындық пен қызықты жылдарды бірге өткізген өз ісінің кәсіби мамандары: Қ.А.Жұмабаев, И.С.Бараненко, Н.А.Иванов, К.А.Жайшибеков сияқты әріптестеріне алғысы шексіз. Аталмыш ұжымның сыйлы, абыройлы, белді мүшесі болумен бірге, өз ісінің білгірі, әрі тәжірибелі маманы болды.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Кеңес одағы ыдырап Тәуелсіздік алғаннан кейін өмір ағысы күрт өзгеріп, еліміздегі экономикалық қиындықтар туындады. Сонау, қиын-қыстау жылдары да әлеуметтік қиыншылықтарға мойымаған ағамыздың тіршілік қамымен түрлі жұмыстар істеуіне де тура келді. Қандай қызмет болсын жоғары жауапкершілікпен атқарып, айналасына үлгі болды. Жаркент қаласындағы Қазақ – Қытай сауда саласын дамыту бағытындағы «Жібек Жолы» туристік фирмасында топ жетекшісі болып та қызмет етті. Қандай жұмыс болса да біліктілігі мен білгірлігінен, ұқыптылығынан ешқашан айныған емес. Содан, бірден-бірге жалғасып 2014-2017 жылдары Алматы қаласындағы екі мәрте Кеңес Одағының батыры атанған Меркулов атындағы погран – академиясының шаруашылық жетекшісі В.А.Паргаланың қарамағында көп жылғы тәжірибесінің арқасында, басшылар қатарындағы лауазымның бірі – «Жетекші құрылысшы» маманы болып қызмет атқарды.

Уақыты келді, сөйтіп көп жылдарғы адал еңбек пен маңдай тердің өтеуі ретінде 2017 жылы жасына қарай зейнеткерлікке шықты.

Бүгінде Айдаржан ағамыз бір әулеттің сыйлы ел ағасы атанса, жеңгеміз Толқын

ақылман апасы. Өз кіндіктерінен тараған ұл-қыздарынан немере сүйіп отырған берекелі де, мерекелі отбасы. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген халық даналығы осынау мерейлі жандардың өсіп-өніп, жоғары білім алып, еліне, жеріне құлшына еңбек етіп жатқан өнегелі ұрпақтарына арналып айтылғандай.

Мәселен, ұл-қыздарының үлкені Шолпан – екі бірдей жоғарғы оқу орнын жақсыға бітірген, қазіргі таңда жоғарғы санаттағы білікті ұстаз. Үлкен ұлы Айдын – мамандығы заңгер, Алматы қаласында банк қызметкері. Органшы ұлы Айдос – ҚазМУ-ды бітірген соң, ғылым саласына ден қойып, докторантураға түсті. Ол оқу орнын тәмамдап, «Докторлық диссертациясын» сәтті қорғап шықты және де қазіргі таңда ғылымның микробиология саласында үлкен ғылыми – шығармашылық еңбекпен айналысады. Кіші қызы Айжан да ҚазМУ-ды бітіріп, өзі таңдаған кәсібі бойынша еселі еңбек етуде. Кенже ұлдары Айбек – АГТУ-ды бітіріп, бүгінгі таңда қалалық электр жүйесінде алған мамандығы бойынша жұмыс жасайды.

Жаратушы иеміздің мейірімі түсіп, Айдаржан ағамыз бен Толқын жеңгеміздің



құшағына берген 10 немерелері бар. Немеренің үлкені Әділет те ҚазМУ-ды әлеуметтанушы мамандығы бойынша биыл тәмамдауда.

Жұбайы Толқын жеңгеміз екеуінің отау құрып, бақытты өмір сүріп жатқандарына да жарты ғасырға жуықтапты.

Биыл Айдаржан ағамыз 70 жасқа толып отыр. Осынау мерейлі 70 жасыңыз береке мен мерекенің жалғасы болып, ел-жұртыңыздың қазыналы абыз ақсақалы болыңыз! Жасыңыз жүзге толып, ұрпағыңызбен мың жасаныз! Тәңірім сіздің жанұяға таңдап берген бағы мен берекесін алмасын. Той-тойға ұлассын, жақсы аға!...

Ізгі ниетпен: Қали Тұрдығазыұлы
Жаркент қаласы.

АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСЫ



Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды. Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды

Ә.Бөкейханов

Ә.Бөкейхановтың дүниеге келгеніне 155 жыл толуына орай кітапханамыздағы әдебиеттермен оқырманды таныстыру мақсатында «Азаттық таңын аңсаған Алаш арысы» атты кітап көрме ұйымдастырылды. Көрнекті қазақ қоғам қайраткері, этнограф, публицист және «Алаш» партиясының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1866 жылы 25 наурызда Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында дүниеге келген.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов қазақ халқының азаттық жолындағы күресте алдаспаны болған аяулы тұлға. Әлихан Бөкейханов ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы болды. Ол ғалым-энциклопедист, қазақ өлкетануының негізін қалаушы, Қазақстан тарихы, экономикасы, этнографиясы, әдебиеті, шаруашылығы бойынша көптеген зерттеулердің авторы, даладағы ең танымал ұйымдастырушысы ретінде белгілі.

Әлихан Бөкейхан туралы зерттеулер Алты Алаш көсемінің кім екенін, қандай қызметтер атқарғанын,

негізінен, дүйім жұртшылық жақсы біледі. Бұл тұрғыдан алғанда К.Нұрпейісов, М.Қойгелді, С.Аққұлұлы сияқты бірсыпыра Әлихантанушы ғалымдардың зерттеулері өз мақсатына жеткендігін көзбен көре аламыз. Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен сан қырлы қызметіне арналған Сұлтанхан Аққұлұлының кітабында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 1990 жылдардың соңы мен 2016 жылдар аралығында мерзімді басылымдар, әдеби, қоғамдық және ғылыми журналдарда жарық көрген зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар, дөңгелек үстел материалдары қамтылған.

Әлихан: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп алаштың жоғын жоқтап, барын түгендеп, ұлтымыздың қамын жеп өткен жұрт шырақшысы. Азаттық жолындағы арпалыспен өткен күреске толы ғұмырында ол ұлтының ертеңі үшін бар күш-жігерін, білім-тәжірибесін жұмсаумен бірге, басын бәйгеге тігіп, жанын да қиды. Қазақтың өз жерін еркін жайлап, өз елінің төрінде отырып, ұл-қзын қазақша оқытып, білік пен төрелікті қазақ тілінде айту үшін аянып қалған жоқ. Қазақ тілінде газет шығарды, қазақша кітаптар бастырды, жүздеген мақалалар жазды. Өзгелердің озық ойларын қазаққа жеткізем, көркемдік танымын кеңейтем деп аударма да жасады.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш көсемі, халқымыздың біртуар перзенті – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың еліміздің өткен тарихындағы атқарған ерлік ісі, қалдырған мұралары кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Халқының жарқын болашағына, елінің азаттығы жолында аянбай қызмет еткен Әлихан Бөкейхановтың тарихтағы алар орны ерекше. Қазақ тарихындағы ұлт басына төнген нәубет, зобалаң жылдарда жеке мүдделен ұлт мүддесін артық қойып, елінің тәуелсіздігі жолына өмірін арнаған Әлихан Бөкейхановтың тарихи ерлігінен бүгінгі ұрпақ үлгі алуы тиіс. Сондықтан да Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығында Алаш көсемінің тарихи ерліктерін атап өту, оны кейінгі ұрпаққа паш ету бүгінгі ұрпақтың басты міндеті болмақ.

Көктал ауылдық кітапханасы



ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

Міне, ең алғаш мектеп табалдырығын аттағаннан бастап 11 жылдың қалай тез өтіп кеткенін байқамай да қалдық. Алғаш рет партаға отырғанымыз, қолымызға қалам алып, әліппе жаттағанымыз бәрі көз алдымызда сағым болып өткендей...

Мектеп қабырғасында білім нәрімен сусындатқан барша мұғалімдерімізге мың алғыс дейміз. Өсіресе ұядан ұшырып салушы сынып жетекшіміз Роза апайға айтар алғысымыз шексіз. 11 жыл бойы бір үйдің баласындай бірге өскен сыныптастарымызбен өткен әрбір сәт жадымда мәңгі сақталады. Қоштар сәтте келді, бірақ соңы емес, алдымызда үлкен сынақ күтіп тұр. Міне осы 11 жыл оқыған біліміміздің сыналатын уақыты да келді. Иә, бұл Ұлттық Бірыңғай тестілеу. Биылғы ҰБТ жаңа форматта, жылдағыдан өзгеше болды. Сондай-ақ түлектер грантка жарамды тестті тапсыруды бастап кетті. Бұл өзгешелік түлектерге берілген жақсы мүмкіндік десек артық емес.

Иә күні-түні дайындалған оқушының бабы шабары анық. Өз-өзіне сенімді, білімінің арқасында ата-анасының да, мұғалімдердің де үмітін ақтайды. Ал дайындалмаған оқушының бағы шабама, әлде сәттілік серігі бола ма, ол жағы бізге белгісіз. ҰБТ әріне өмір сынағы емес, білім сынағы. Бір рет сүріндік бе, қайта тұр. Бұл әлі соңы емес, сенің де жарқырап күнің туар. Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай мен жастарға сенемін демекші, болашақ білімді жастардың қолында. Сол себепті еш мойыма, тек қана алға жас түлек. Біз сендерге сенеміз. Сәт-сапар тілеймін түлектер мен болашақ грант иегерлері! Алтын ұя мектебіндегі Хамит Көбіков түлектеріне де сәттілік! Бұйырса грант иегерлері атанындар!

Мырзақан Құралай Толқынқызы

Қара күз. Көк аспанды көрсетпей тұмшалап алған кара бұлт жауарын да, жаумасын да білмей әрі – сәрі күйде жөнкіліп жатқан кез. Жаздың жылы күндері жылжып, жеңіл киім кигендер кәдімгідей қоңылтақсып, кара суықтан тістене тітіркенетін шақ туған. Сұрқай күздің қысқа күні болатын. Қараңғы түн айналаны бүркеп, жер бетін құшағына алғанда, күзеуде отырған қойшының киіз үйінен шығып, иықтаса қол ұстасқан екеу аулақтағы, көзге әрең – әрең шалынатын, қарауытқан қалың тоғайға беттеді. Күзеуде отырған малшылардың иттерінің бірі үріп, бірі қыңсылап, бірі ұлып, шу-шұрқан болып қалды. Құдды қайырылмас сапар жолына шығып бара жатқандарын сезіп дауыс салып, жоқтау айтып ұзатып, шығарып салып жатқандай.

Өмірге деген құштарлық сезім бірте – бірте сүйген адамына деген ынтызарлыққа ауыса келе, нәзік сезім арқылы екінші бір адамның бойындағы көрінбес сәуледей, тәтті бір қимастық құпиялықпен астасады. Махаббат сезімі. Үлбіреген бозбала шақтарында көрген жерден ғашықтық дертіне шалдықты. Ұнатқан жандардың бірін – бірі көрмесе тұра алмайтын жұмбақ әсерлі күйлері сабырсыздыққа, дегбірсіздікке әкелді. Ауыл ішінде адамдар арасынан көре алмаса тұра алмайтын шаққа жетті. Айналасындағы жұрттың бұлар туралы не айтып, не ойлайтынына, сөздеріне қарамады.

Жігіт жауқазындай үлбіреген, көзі жас ботаның көзіндей жәудіреген, тал бойынан гүлдің жұпар иісі аңқыған, мандайы жарқыраған пәк көңіл аяулысын жетектегендей етіп, ертіп әкеліп үйге кіргізді. Қыз да жіпсіз байланып, ләм – мим демей, соңынан қалмай, жігіттің үстіне киген костюмінің қалта тұсынан қармап алып, қолы шығып кетсе айырылып қалатындай, тас қып ұстап үйге ілесе кірді. Келін алып келген ұлын әке – шешесі түнере түсініп суық қабақпен қарсы алды. Араласып келіп-кетіп жүрген адамдардан баласының осы қызды жағалап жүр деп естігеннен-ақ кірпіше жиырылып, сол отбасыны сукандары сүймейтін. Бес бересі, алты аласы болмаса да құда біздің теңіміз емес деген қарасұр жыландай сумандаған суық ой өзектеріне от салатын.

Келін түскен күннің ертесіне-ақ өз бойларын жарып шыққан ұлдары мен жаңа түскен өрімдей жас келін үшін жан көрмеген тозақ теперіші басталды. Қайран қу дүние десенші! Тілге тиек болып, ойларының ойран – топырын шығарып жатқан келіннің шыққан жерінің, тұрмысының жұтандығы. Жалған намыс жарға жығарын білсе етті. Үйдің үлкендерінде арғы – бергіні ойлау, ақылға салып ексеу, пайымдау болмады. Токтау айтуға келген адамдардың өздері де олардың айтқан сөздеріне шыдамай қашқандай болып құтылатын. Абайдың «Махаббатсыз дүние дос, Хайуанға оны қосыңдар» деген сөзінің мәні осындай ашылады-ау! Махаббат отына шарпылып, ынтызарлық жіппен жалғасқан жандардың сезіміне түсіністікпен қарауға, ғашықтықтың нәзік жібі екеуін еркінен тыс матап алғанын түйсінуге дүниеқоңыздық, құмарлық бұған қараңғылық тұмшалаған ойлары өрістетпеді.

Келін болып түскен қыз баланың үй ішіндегі күнделікті істеген істері, жүрген жүрісі, тұрғысы үйдегілер мен түздегі малда жүрген адамдарға дайындаған ас-суы бәрі ата – енеге жақпады. Отпен кіріп, күлмен шықты. Екі қолы үйдің күйбің тірлігінен босамады. Ала таңнан қас қарайғанша белі жазылмады. Жары малдан келгенде оны алдынан шығып күтіп ала алмады. Зіркілдеген, жанын табанына дейін мұздатып жіберетін зілді үннен, қараса өңменінен өтердей сұсты көздерден қаймықты. Таңның атысынан басталған шаншудай қадалатын қарғыстар енді кешкілік малдан келгенде баласына ауысатын. Жастайынан үлкендікті жөн деп санап, қарсы сөз

БОЗҚЫРАУ



айтпай өскен, әке – шешенің алдын кесе-көлденең кесіп өтпеген ұлдары да беттеріне тура қарамай, ләм – мим демей тындайтын. Қарғау мен сілеуді жұбайлар үн – түнсіз, шам жарығы әлсіз түсетін қаракөлеңке киіз үйдің бұрышында көз жастарын көрсетпей сығымдап алып, бір – біріне сүйеніп, қалшып тұрып еститін. Күні бойы нәр сызбаған, екеуінің аяқтары дірілдеп, буындары талып, жығылуға шақ тұратын. Үй ішінің ауасы да сегіз бен тоғыз басып тұрғандай зілмауыр, қорғасындай ауырлайтын.

Бүгінгі күн қиянатты күн болды. Мал қоралана салысымен басталған қарғау қыздың ертеректе қайтыс болып кеткен анасына жауды. «Сені тырдай жалаңаш етіп дүниеге неменеге жетісіп туды. Сенің тілеуің жаман екендігін біліп, ұяттан өртеніп әдейі өліп қалған ғой. Өзімен бірге неғып алып кетпеген. Қара жер қалай көтеріп жүр сені алмай». Көпіршік көк көбіктің екі ездуден аққанына қарамай долылықтың буы бұған ененің бүгінгі сөзі емес-ау қарғысы қатты өтті. Түн жамылып тұрғанда ауыр сәттен қыз жүрегі шым етті. Өзін өмірге келмегендей сезінді. Қиянаттың зілі таптап кеткендей, бүкіл жан сезімі күлге көмілді. Анасы жайлы аяусыз сілеулер айтылып жатқанда дір ете түскен жұбайының бойындағы жүгіріп өткен әлде бір толқынды жігіт те сезді. Үміт үзілерге, шама-шыдам таусылар шаққа жақындағандарын үнсіз білді. Түн тұмшалағанда екеуі іркестірес жайлап басып, далаға шығып кетті. Үй іргесінен аулағырақ барып, ескі құрақ көрпенің бірін астыларына, бірін үстілеріне жамылып отырып мұндаса шағынып, булығып, дауыстарын ашық шығара алмай, қыстығып бұршақтаған көз жастарына ерік берді.

– Мен шыдай алмаймын, – деді қыз.

– Шыдашы, жаным бізді біраздан соң түсінеді, – деді жігіт.

– Мен ешқайда кетпеймін, сені тастамаймын, – деді ыстық жасқа булыққан қыз тұншыға сыбырлап.

– Мен де сені ешқашан, ешқайда жібермеймін, – дейді жігіт жасқатұншығып. Көзінен аққан ыстық жасы бетінен төмен тамшылап қыздың аузына тамып.

– Екеуіміз мәңгі біргеміз, – деді қыз.

– Иә, мәңгі бірге боламыз. Бізді ешкім ажырата алмайды. – Балаң үн ар жағын айта алмады. Тамағын өксік буып, қыстығып қалды.

Екеуі орындарынан үнсіз баяу көтерілді. Іштей бір шешімге келгендей, қол ұстасып, киіз үйге қарай жүрді. Айсыз қараңғыда іргеде жатқан мал байлайтын арқанды екеуі бірдей

ұстады. Өрімдей жас еді. Балаңдық табы кетпеген бойларында лапылдаған махаббат құштарлығы болмаса, өмір деген қиын, бұралаңы мен бұлтаны көп арынды ағыстың күшіне қарсы тұра алатын, төзімділік, шыдамдылық сияқты қасиеттері әлі ұшталмаған еді. Өз бақыттары үшін күресу жігері, қайсарлық қуаты қалыптаспаған, толыспаған кез болатын. Күнделікті ауырталықты құрбы достарымен бөлісе де алмай, оған уақыт та мұрша бермей, томаға-тұйық күй кешті. Отбасы болып, бақыттың байлауын түйе алмаса, несіне өмір сүрмек. Мазасыз ойлар қамалаған екеуінің шақшадай бастары шарадай болды. Бір-бірінің бет жүздерін көре алмаса да жанарларынан шыққан көз жастарының кірпіктеріне ілінген тамшыларының мөлдіреп тұрғанын білді. Ащы көз жасының тілдеріне тиіп таңдайларына барғанда кермек татығанын да сезді.

Қараңғы болса да жүректің нәзік қылымен ұғынысты. Атасына нәлет сол арқанды алып, екеуі кері бұрылды да, жақын жердегі қарауытып көрініп тұрған қалың алма бағына беттеді. Алма жұмақтан түскен жеміс емес пе, адамға соншалықты жұғымды, жесен нәр беретін, шөлдесен таңдайыңды жібітер сөзді, тәтті шырынды еді. Жасыл жапырақ жамылған алма ағашының нартай болып қызарған жемісін өздері келіп балалармен бірге ойнап жүріп талай жинаған еді. Демін айтсаңшы, піскенде тіл үйіреді. Қып – қызыл уысыңа симайтын жұмақтың жемісін жеуге де қимай, қос алаканыңа салып, күн көзіне тоссаң айналасынан нұрлы шуақ төгілетін. Сол кездерде-ақ екеуі осында келетінін білген сияқты. Жандарын тапсыратын сол алма ағашын іздеді. Жазбай тапты. Айсыз кара түн болса да, тауекелге бел байлаған екеуі күні бұрын, осы бізге жарайды деп өсіп тұрған жерін белгілеп, тауып қойған сияқты. Күзді күні сапырылысып сан адам келіп, жемісін жинап жүрген жуан алма ағашының бұтағына қолдары тиді. Екеуіде үнсіз жыландай ширатылған арқанды бұтаққа байлап, екі ұшын бұғаттап қойды.

«Сен мені кешіресің бе?» – деді қосарлана қауыша құшақтасып тұрып. Көз жастары сарқылыпты. «Мен сені жанымдай сүйемін», – деді сыбырласып. Қос бұтақтағы салбыраған арқанның ұшы төбелеріне тиіп, мен дайынмын дегендей болды. Жүректері жоқ адамдар сияқтанды. Өздері емес өзге бір адамды жұмаққа жіберетіндей кейіпте еді. Қоңыр күздің салқынымен уланып, сарғайып, кара күздің иек дірілдетер суығымен төгіліп

түсіп, аяқ басқанда дыбыссыз ыңырып жапырақтар жатты. Қол ұстасқан күйі алма ағашының кара санға дейін жетіп тұрған ең төменгі иір бұтағына екеуі де аяқ салды. Тынысы тарылып бара жатқандағы ұлдың ең соңғы «қош...» деген сөзі қырылға ұласып барып үзілді. «Ана, мені мына дүниеге неге әкелдің?» – деген ой қыздың санасында әлсіз ғана сөніп бара жатқан шам сәулесіндей лып етіп өшті.

Алманың қос бұтағы иілердей-ақ иілді, сынбады, қарс айырылуы керек еді, айырылмады, жарылмады да. Екі бұтақ екеуінің бұлқынған сәттегі қозғалысымен баяу ырғалып тербетіп, әлдилей жұбатып тұрды. Алма ағашы тал бесік кейіпіне енді. Жұмақтан түскен жеміс ағашы болғандықтан екеуін өзіне бауырлас санады, бұлардың жұдырықтай жүректерінен ұшқан шырылдаған шыбындай жанын мәңгілік тұрағына – жұмақ бағына апаруға, жаратушыға тапсыруға періштелерге аманаттады. Алма ағашы дәл қазір көк пен жердің арасын жалғап тұрған әрі періштенің әрі эзирейілдің қызметін атқарған іспетті еді.

Таң ағарғанда әуелі Алатаудың ұшар биігіне күн сәулесі түсіп, ондағы ақ шаңқан қар жер жаһанды көз жауып алып, айналаны түгел жарқыратып жіберетін. Бұл күні күздің қарасұр бұлтты боз қырау басқан жер аңаның бетін тұмшалап, жер бауырлаған тұманмен астасты. Күзгі қоныста отырған жұрт дем арасында шу ете түсті. Ауыл жұртының арасының лезде әлем-тапырағы шықты. Екі елі еріннен шыққан суық сөз, отыз тістен суырыла тарап кетті. Сұмдық оқиғаны естігендердің біразы жүрекке жақын қабылдап, сүріне құлап, талып та қалды. Ауырмаған жүрек аз шығар. Естіген елдің аза бойын қаза қылған, көрген, жерлеген адамдардың көз жастарын көлдеткен ауыл трагедиясына айналған, «әттен, неге олай істеді» деген, өзекке от түсіріп кеткен өкінішті оқиғаның өткеніне де жарты ғасырдан астам уақыт өтіпті. Ол кезде біз он жеті жаста едік. Жастары жаңадан бүршіктей бүр жарып, жандары жапырақтай қаулап келе жатқанда үзілген өмір көп адамдардың өзегіне өткір кездік сұққандай күйге түсірді. Он екіде бір гүлі ашылмаған, қыршындай ұл мен қыздың қос өлімі: «Ей, адамдар, абайлаңдаршы. Адам жанынан нәзік не бар?! Махаббат – биік сезім. Махаббатқа бөленгендер біздер сияқты жерден биік тұрады», – деп кейінгілерге ой салып тұрғандай болып есте қалды.

АҚЖАЗЫҚТЫҢ

БІРГӘДІР АҒА ЖӘНЕ
БҰҒАЛТЫР ҚОЖА

Ол кезде мамыр айы май аталатын. Екінші класты бітіріп қалған кезім. «Сынып» дегенді ол кезде білмейміз, сөз қорымызда жоқ. Мектебіміз Ақжазық ауылының ең жоғарғы көлденең көшесінде. Одан төменгі көлденең көшенің шығыс жақ шетінде – біздің үйі. Біздің үйдің ар жағы – Әшірарық. Бурақожыр өзенінен жырып әкелген ағын су. Содан ішеміз, соған шомыламыз. Сабақтан келген соң тамағымды іштім де, Әшірарыққа қарай беттедім. Асық ойнағысы, ләңгі тепкісі келген бала, су алғысы келген қыз көбінесе осы арықтың бойында табысады. Біздің көлденең көшенің төменгі бетінде тұратын Әкпірәжі ағаның менен екі жас үлкен ұлы Мырқасым мен Сайдахмет ағаның менімен түйдей құрдас ұлы Нүкен үшеуіміз осы жерде бас қоса қалдық. Шомылуға әлі ерте еді, бірақ Мырқасым күтпеген жерде апыл-тұпыл шешінді де, Әшірарыққа күмп берді. Қорқақ атанғымыз келмей, артынан Нүкен екеуіміз де күмп ете қалдық. Аз да болса ақылымыздың барлығы шығар, әйтеуір, сүңгімедік, бас пен шашты суламай аман сақтадық. Жағаға шығып дір-дір етеміз. Құлағымызға кірген су ағып кетсін деп, бір аяғымызды көтеріп, бір аяғымызбен «ақсақ қасқыр» болып секендедік. Өзіміз тапқан ойынға өзіміз мәзбіз. Сөйтіп тұрғанымызда, тағы Мырқасым тың ой тастады: – Кел, жарысайық! Жылынамыз. – Жалаңаш па? – Анау топ шиге дейін шауып барамыз да, қайта қайтамыз, кім көреді дейсің. Әшірарықтың бергі бетін жағалай арбажол өтетін, соған шықтық та, үшеуіміз тыржалаңаш жарысып кеп бердік. Ө дегеннен-ақ желаяқ Нүкен бізге жеткізбеді. Топ шиге жете сап жалт бұрылғанымда, қолында бір шелегі бар апамды көрдім: суға келе жатыр. Алақанымызбен аузымызды қалқалап, киіміміз жатқан жерге қарай бүггендей жөнелдік. – Өй, шүметайларыңнан айналайындар-ау! – деді еркелете күліп – Үсіп түсіп қалады ғой, киінсендерші! Біз апыл-тұпыл киініп жатқанда, Мырқасым: «Өй!», — деп, құлағын тіге қалды. – Тыңдаңдаршы! Тыңдадық. Естідік: клубтан шыққан күшейткіштің даусы. Демек ауданнан кино келген. – Қайсымыз бұрын барсақ, қасымыздан екі орын алып қояйық, — деді Мырқасым үлкендік танытып. Кино, әдетте, ел малын жайғастырып, кешкі тамағын ішіп болды-ау деген заматта басталады. Сол шамада мен де клубтың алдына келдім. Жұрт жапырыла ішке кіріп жатыр екен. Соңдарынан мен де ентеледім. Қоға тамақ, қырылдап сөйлейтін ұзынтұра біргәдір дәл босағада тұр екен. Өте бергенімде: «Өй, тоқта!» — деп, мені білегімнен шап берді. – Сен қайда барасың? Сондай да сұрақ бола ма екен дегендей: – Кино – ға – а, — дедім бетіне бажырая қарап. – Саған болмайды. – Неге? – Сенің үйінде ешкім қалқозда жұмыс істемейді. Кино қалқоз мүшелеріне ғана тегін көрсетіледі. Біргәдір мені жетектеп әкеп сыртқа итеріп жіберді. Жылағам да жоқ, ішімнен боқтағам да жоқ, бірақ қатты қорландым. Бактың ішіне алысыраққа барып шалқаннан жата кеттім. Біргәдірдің мұнысы несі? Қыста ғана соғымбасын жеп отырып «о, атасының баласы атасынан асқан ақылды болады» демеп пе еді? Оның неге бұйте қалғанын өзімше болжадым: тоғыз жастағы мені мен отыздағы оның арасында қандай араздық болуы мүмкін? Әрине, ешқандай. Оның араздығы не атамда, не мал емдеуге қажет деп берілетін спирттің иесі пелшір тәтемде. Солардың өшін менен алып отыр. Не істеуім керек? «Киноға біргәдір ағам кіргізбей қойды» деп барсам, сөз жоқ, атам оған ашуланады. Екі араға сөз тасып, мен жазықты боллам. Ақыры ештеңе болмағандай, елмен бірге кино көріп келген адамша, кештетіп үйге қайттым. Ертесі екі сабақтан кейінгі



үзілісте Мырқасым жолымды кес-кестей тұра қалды. – Орын алып қойсам, неге келмедің? Өтірік айта алмадым, бәрін болған күйінде баяндап бердім. – Ол өзі сондай кісі, біреулерге қоқандап жүрмесе, көңілі көншімейді. Киноға ақша төлейтін біргәдір емес, Қожа аға – бұғалтыр. Қожа ағаға айтсаң, әкесін танытады. Сол сөз қамшы болды. Мектептен келген соң тамағымды іштім де, ойнауға шыққан адамша сыртқа сып бердім. Сол бетіммен клубқа келдім. Мырқасым дұрыс айтады, Айтуғанов Қожа ағамыз – өзім ес білгелі осы қолқоздың бұғалтыры. Кеңсесінен кісі үзілмейді. Үлкендердің өзі оның алдына бір кінәмді біліп қоя ма деген кісіше кипактап кіреді. Өйткені, ол білмейтін бұл ауылда құпия жоқ: бәрін есеп-кисабын шотқа салып біліп отырады. Қожа аға отыратын кеңсе мен қарсысындағы кітапхананың арасында кішігірім бөлме бос тұратын, ол арада ешкім көрінбеген соң, Қожа ағаның есігін ашып қалып едім, ішінде екі-үшеу отыр екен, қайта жаба салдым. Ары күттім, бері күттім, іштегілер шықпады. Сөйтіп тұрғаныма, сырттан тағы екі адам келіп, бөгелместен кіріп кетті. Адам отыратын ештеңе болмағасын, бұрышқа барып, арқамды қабырғаға сүйеп тұрдым. Біреу шықса, біреу кіре-ді, бұғалтырдың алды босай қоймады. Ұйықтап кеткем бе әлде қалғып кеткем бе, бір кезде әлдекім атымды атағандай болды. Көзімді ашсам, алдымда Қожа аға тұр. Бөлме қарақоленке тартып қалыпты. – Неге отырсың? – деді еңкейіп. – Сізді... — дедім сөзімнің аяғын жұтып. Бұрышқа кептеліп қалған екем. – Тұр, — деді қолымнан тартып. Үйіне қайтып бара жатып мені байқаса керек, кеңсесін қайта ашты. – Атаң жұмсап па еді? — деді орындығына отырып жатып. – Жоқ. Бетіме күдіктене, әлденеден секем ала қарады. – Енді неге келдің? — Өзім. – Иә, өзің қандай «жұмыспен» келдің? — Маған «қалқоз мүшесінің баласы» деген қағаз бересіз бе? Ағам ашылған аузын қайтадан жаба алмай қалды. – Оның саған не керегі бар? — Кеше: «Сенің үйінде ешкім қалқозда істемейді», — деп киноға кіргізбей қойды. — Кім? Біргәдір ағаның атын айттым. — Ол ағаң менікің жепті! — Орнынан ұшып түрегеліп, жұдырығын түйген қалпы терезе жаққа жалт бұрылды. Тарс-түрс екі-үш аттап барып, қайтадан жалт бұрылды. — Мен оған көрсетермін кімнің қалқозда істеп, кімнің қалқозда істемейтінін. Сенің атаң мен апаң — осы қалқозды құрған адамдар. — Орнына қайта отырды да, оң жағына еңкейіп, үстелінің тартпаларын бірінен кейін бірін тарс-түрс ақтарып, әлдене іздеп кетті. Үстелдің бергі бетінде түрегеп тұрған мені мүлдем ұмытып кеткен тәрізді. Қағазға ораған ұзынша бір нәрсені тапты да, — Хайуан! — деді кіжініп. — Мә, мына мәмпәсиді

же де, үйіне қайт. Бұдан былай біргәдір ағаң тұрмақ, оның әкесі келсе де, «Маған Қожа ағам рұқсат берген!» де де, киноға кіре бер. Сені киноға кіргізбейтін адамды мен қалқозға кіргізбей қоям. Білдің бе? Бара ғой! — Бұрыла бергенімде, Қожа аға: — Токта! — деп қалды. Кілт тоқтап, бетіне қарадым. — Біргәдір ағаңның киноға кіргізбей қойғанын атаң біле ме? — Жоқ, айтқам жоқ. Қожа ағам мені бастан-аяқ сүзе қарап шықты да, басын сәл шайқағандай көрінді. — Жұр, үйге қайтайық, — деді есігін жабуға ыңғайланып. — Дұрыс! — деді сонан соң арқамнан қағып. — Атаң жамандағаннан жаман ағаң жақсарып кетпейді.

Өй, дүние-ай!

Бастауыш мектепті бітірген, он бірден асқан кезім. Жазғы каникулдың қызығын емін-еркін көретін шығармын деп, керіліп-созылып төсекте әлі аунап-қунап жатқам. Есік алды тасыр-тұсыр ете қалды. Аттың тұяғы екенін анық ажыраттым. Артынша шыққан дауысты да таныдым: ежірек көз біргәдірдікі. Сөздерін естимесем де, даусының зілінен сездім: әңгіме мен жайында. Осы кісі ешқашан бала да болмай, ойын да ойнамай, бірден біргәдір бола қалған сықылды: жұрттың бәріне зіркілдейді де жүреді, жұрттың бәрі оның алдында жазықты секілді. — О кім, апа? — Біргәдір ғой. — «Жуынып-шайынып даяр тұрсын, бүрсігіні Қаратөбеге барды», — дейді. Ұнжырғам түсіп сала берді. Қаратөбе — алыс жер. Ақжазық ауылы мен Іле өзенінің бел ортасы. Қасындағы Қызыл Жиде, Керме Ағаш — бәрі ұшықиыры жоқ сазды шабындық. «Бармаймын» деу — Отанға деген опасыздық. Сондықтан Отанымызды қаншалықты сүйсек, соншалық одан қорқамыз да. Өгіз арбаға оншақты баланы тиеген арбакеш Керме Ағаш пен Қаратөбенің ортасындағы төрт-бес балағанның алдына әкеліп төге салды. Қабағы қатқыл, сөзі шытқыл біргәдір ағамыз бәрімізді екі балағанға бөліп орналастырды. Атасы жылқы баққан, атқа жақсы отырады деп, мені сүйреме бөлді. Сүйреме — шөмелені мая салатын жерге дейін сүйретіп әкелетін құрал. Тұрқы өте қарапайым: екі ұзын сырықты шөмеленің астына тығады да, ұзын арқанмен шөмелені айналдыра орап әкеліп, екінші сырықтың басына күрмеп байлайды. Сонан соң арқанның ұшын аттың үстінде отырған маған әкеліп ұстатады. Мен шөмелені маяның түбіне сүйретіп әкелген соң, арқанның ұшын тартып қалсам, шөмеле сырықтан сырғып түседі де қалады. Сүйреме тартуға ыңғайлы екі ат бар екен: бірі — Әліпбайқұла, екіншісі — Қайқыжирен. Менің тәлейіме Әліпбайқұла бұйырды. Ал сүйремі байлап, дайындап беретіндер — жоғары класта оқитын Райкеева Қаншайым мен Тұрды-

шева Зарауқа атты екі әпкем. Мұндағы жұмыс таңның атысынан күннің батысына дейін бітпейді. Түс әлетінде ғана аз-маз демаламыз. Бір қарағанда, сүйреме тарту соншалықты қиын жұмыс емес. Бала үшін атқа мінудің өзі — бір рахат. Алайда, құлқын сәріден қас қарайғанға дейін сүйремі маяға, маядан шөмеlege дейін шетсіз-шексіз сүйреме беру әрі шаршатады, әрі жалықтырады; бірақ бәріне шыдайсың, себебі осының бәрі сенің Отанға деген ниетінді көрсетеді. Ол кезде Отан мен Сталин — бір ұғым. Отанды біз, бізді ол көре қоймағанмен, Сталин төбемізден үнемі төніп тұратын тәрізденеді. Біргәдір де, басқа да — бәрі соның көзі мен құлағы сықылды: бәрі үрей тудырып басқарады. Білетін, білмейтін талай заң мен тәртіптің түйіні — тек бағын тарту ертте күннің ішінде Әліпбайқұланы үрттеуге, қамыт кигізіп, сүйремінің арқанын бекітуге — бәріне жаттықтым. Бесінші күні аптап ыстық есімнен тандыра жаздады. Күннің күйдірген бұрғысы төбемді тесіп бара жатқандай. Үсті-басымыз тер басып, тілім аузыма сыймай кетті. «Өй, көп ұзамай аттан құлайтын шығармын!» деп шошыдым. Әйтеуір, намыс па әлде үрей ме, әлдебір күш құлатпады да, есімнен тандырмады да. Шегіне жеткен шыдамым енді-енді үзіліп кетуге сәл қалғанда, «Жұмыс бітті!» деген сөз мені ажалдан алып қалғандай көрінді. Қалайша өлмей қалғаныма өзім қайран қалдым. Осындай хәл екі күн бойы қинады. Екі күн бойы азар шыдадым. Ертесі балағанға жақын арадан мая салдық. Түске таман күн тағы шыжыды. Алды-артымнан шарпыған ыстық табаға салған шыжықтай шыжығарды. Жан сауғалайтын таса жоқ. Аттан түссен, жазықтысың; себебі өзге жұрт шыдағанға сен неге шыдамайсың? Жұтына-жұтына түкірігім де таусылған тәрізді. Кеберсіген ерін, кепкен көмей, деміммен бірге ішімнен от жалын шығатындай. Тақырлап шапқан шабындықта қамзау болар қалқа жоқ. Екі әпкем шет-шетін түйіп басыма кигізген орамалым да мына ыстықтан әне-міне күйіп кететіндей. Самайымнан саулаған тер борбайыма қарай сорғалап құйылады. Әліпбайқұла да аяғын әнтек-тәнтек басады. Маядан оралып келе жатқаныма, балағанның алдында тұрған ақ филәкге көзім түсті. Сонымен арбакеш су таситын. Атымның басын балағанға бұрып тебініп қалып ем, жануар желе жөнелді. Жете бөре қарғып түстім. — Апа, су беріңізші! — Өзің іше ғой, ожау әне тұр. Суды сіміре бергенімде: — Өй, әкенің аузы, мына ыстықта атты қинап неге шабасың? — деген біргәдірдің даусы дәл құлақ түбінен шаңқ ете қалды. Қақалып-шашалып ожауды орнына қоя бергенімде, желкеме қылшылбырдың ұшы шып ете түсті. Қайта тартқанда, мойныма оралған ұшы тамағымды осып кетті. Көзімнің жасы бырш ете қалды. Тәлтүректен барып Әліпбайқұлаға әзер міндім. Көзімнен парлаған жас омырауымды жауып, айналамды түнек қылып жіберді. Тізгінге де, сүйремеге де ие бола алмадым. Өксіп келем, өртеніп бара жатқан мойнымды екі алақаныммен кезек-кезек басып келем, екі әпкемнің қасына Әліпбайқұла өзі алып барды. Бәрін анадайдан көріп тұрған екі әпкем құшақтай қаулап аттан түсірді. Қаншайымның құшағына басымды тығып, өксігімді зорға бастым. Зарауқа екеуі тамағымды, желкемді сыйпап, қанталаған жеріне сілекейлерін жағып, орамалдарымен сүрттіп, пыс-пыс жылап жүр. «Жылама! Жылама! Сен де әлі ержетесің. Алдына келтірерсің», — дейді соны маған да, өздеріне де демеу қылып. Шарасыздықтан екеуі жылайды, шарасыздықтан мені жұбатады. Ақыры көз жасымды жеңіммен бір сүрттім де, Әліпбайқұлаға қайта міндім. Балағанның тұсынан бұл жолы теріс қарап өттім. Жасаураған көзіме мая да, майшылар да майысып, қисайып кеткендей көрінді. «Шіркін-ай, әкем аман келіп, біргәдірден кегімді алатын күн болар ма екен, бол-

А Д Д А М Д Д А Р Ы

мас па екен?!» деймін әлі әкемді өлдіге қыя алмай. Тағы үш күннен кейін күн тағы ысыды. Аспан айналып жерге түсті дегеннің дәп өзі. Күн аспаннан емес, дәл қасымыздан күйдіріп тұрғандай. Сүйрем байлап беретін екі әпкеме қарай әрең ілбіп келе жатқам. Кенет атымның аяқ асты шылық ете түсті. Токтай қалдым. Орылған қамыстың орнында ат тұяғы батқан ойыққа жылтырап су толыпты. Атымнан қарғып түстім. Жата қап бас қоя беріп ем, су беті жыпырлаған шыбын-шіркей, жыбырлаған құрт екен. Терімді сүртіп, сірі болған орамалымды су бетіне жаптым да, көзімді жұмып сіміріп-сіміріп жібердім. Асығыс атыма қайта мініп үлгергенім де сол, ту сыртымнан: – Не істедің, ей? – деген біргәдірдің зілді даусы зір ете қалды. – Су іштім. – Іштің бе, тыштың ба? – Іштім. – Қайдан? – Бастаудан. – Қайдағы бастау? – Қамыстың арасындағы. Айналайын Әліпбайқұла әдемі жүрісіне салып жөнөп кеп бергені. Әп-сәтте алыстап барып артыма қарасам, мен аттан түскен жерде біргәдір әлі сілейіп тұр екен. Мен су ішкен «бастауға» сыйынып тұрған секілденді. Осындай ағалар, сондай заман балалығымызды таптап тастамақ болса да, «Қайран бала кез – бал дәурен-ай!» деп өстік. Тірі тозақтан тіршілігімізді тістене сақтап біз де шықтық, қатыгез заманды қапасақ айналдырған біргәдір ағаларымыз да шықты. «Әй, аналарға су апарып берсеңдерші! Шөлдеп өлді ғой!» деуге деңгейі жетпеген кісілер де біргәдір болып қокандады-ау! Болашақ оған бойы жетпейтін биік, ойы жетпейтін алыс еді. Жақсының аздығы мен жоқтығы қай заманда да халыққа сор болғанын ойласам, «Әй, дүние-ай!» демесе ылажым жоқ.

БУШ ПЕН САДДАМ

Біздің сегіз, тоғыз жасар күнімізде Ақжазықта қирап, құлап жатқан біраз иесіз тамүй болушы еді. Төбесіндегі белағашы мен шанжасын, қамысын ашып әкеткен соң, жалаңаш қабырғалар су шайып опырылып, кемпірдің кетік тісінше ыйқы-жыйқы ырсып жататын. Біз үшін ол таптырмайтын ойын орны еді. Жаздың жайдары бір күні болатын. Кім алысқа секіретінін анықтау үшін, кезек-кезек тамға шығып секіріп түсіп жатқамыз. Кенет сұп-сұр, қабағынан қар жауған бір ағамыз сап ете қалды. Түсінен-ақ түсіндік: жақсылықпен келіп тұрған жоқ. Бәрімізге шүйліге қарап шықты. Ығысып, қашақтай беріп ек, шап беріп мені білегімнен ұстай алды. – Кеше біздің үйдің қорасына тас лақтырған сен бе? – Жок. Мен сіздің үй жаққа барған адам емеспін. – Барыпсың. Лақтырған тасың әкемің аяғына тиіп, ақсап қалды. Сен бармасаң, ол тасты шайтан лақтырды ма? – Білмеймін. Мен өмірі ол жаққа жолаған емеспін. – Сен жоламағанда, мен жолады ғой деймісің, иттің баласы! Әкесі

соғыстан қайтпай қалған балаға бұдан асқан боқтау жоқ-ты. – Өзің иттің баласы! Жағыма шапалақ шарт ете қалды. Ду еткен бетім, зырк еткен жүрегім көз алдымды бұлдыратып жіберді. Әлім жетпейтіні анық. Жазықсыз жәбірден жан-тәнім өксіп, ыза-кек ішімді өртеп, булыққан ашудан аяғымды әзер бастым. Бұрыла бергенімде, аяғым ат тұяғындай жұмыр қара тасқа тиді. Еңкейе беріп есімді жидым: бір шапалаққа бола бүкіл бетті быт-шыт қылуға бола ма? Осы күнгі жағдаймен салыстырсам, ағам АҚШ президенті Буш та, мен Ирак президенті Саддам Хусейн сықылды едім. Буш ағам: «Сен кінәлісің, жаппай қырып-жоятын қару жасап жатырсың», – дейді жазықсыз қаралап. Мен Саддам: «Жок, кінәсізбін, ондай қару жасап жатқан жоқпын», – деймін ақталып. Бірақ Буш әлім-жеттік жасап, ал кеп Иракты атқылады ғой. Ақырында Саддамның быт-шыты шықты. Мен Саддамнан гөрі сағырақ болып шықтым. Жерге былш түкірдім де, қара тасты бір теуіп жібердім. Ала сап ағама жіберіп қалсам, не құлақ шекеге, не қақ маңдайға тиіп, бомбы жарылған жердей бет-аузының тас-талқаны шығар еді. Қырып-жоятын қару қолыма түсіп-ақ тұрған. Алайда, қара тастың сойқаны мен бір шапалақтың ара салмағы адам шошырлықтай алшақ екенін аңғара қойдым. Сап ете қалған сұмдық ой сап басылды. Қара тасқа қолымды созырмаған күшке мен шексіз ризамын: сол күш бол-маса, мен бүгін Ақжазықтан шыққан бір жауыз атанып жүретін бе едім, кім біледі?

БАСТАҒЫ

Он үштен он төртке аяқ басқан кезім болса керек. Атам мен апам әлі бар еді. Ең жоғарғы көлденең көшенің батыс жақ шетінде Толыбаев Мұқаметжан деген атамыз тұратын. Токтасын, Токтақын, Төлеген атты үш ұлы, Бәтмхан атты бір қызы болатын. Бәтмхан не менімен жасты, не менен бір жас кіші болар, сірә. Не көктем, не күз айы. Себебі, жерде қар жоқ-ты. Мұқаметжан аға бүкіл бала-шағасымен қайда кете қойғанын кім білсін, Бәтмхан бастағы жасаймын деп, оншақтымызды үйіне шақырды. Апама айтып ем, «Е, бара ғой», – деп дорбаға салып бір күлше, бір шикі жілік берді. – Ой, ұят емес пе, соны көтеріп жүрем бе? – деп ем: – Ұят болмайды, бастаңғының жоралғысы солай, – деді. Кеш бата жиналды. Нүкен, Телтай үшеміз бір класта оқимыз, тағы бір-екі ұл бала бар, қалғандары кілең қыз. Ойын-сауықты Телтай басқарды. Нүкен екеуімізге қарағанда, ол сондайға епті еді. Жаңылмасам, әуелі әдемілеп сүт қатқан шәй іштік. Оны әзірлеп жүрген – Бәтмхан мен Бүбіжан. Әлі есімде, «Хан қандай?», «Көрші-көрші», «Монданақ» деген ойын ойнадық. Жүргізуші де, жазалаушы да, бәрі – Телтайдың өзі. Қыздардың әдемісі –

Сайыпжамал. Нүкен екеуіміздің де қызыға қарап отырғанымыз – сол. Одан басқа қыз алысуға болатын рудан Жүнісбек ағаның қызы – Рауза (әкесі бізге жезде болады) және Қасенжан ағаның қызы – Клара. Ал Телтайға жол ашық, ол бәрімен қыз алыса беретін рудан. Іштей бәріміз қыздарға ұнасақ деп, ұнатқан қызымыздың көңілін өзімізге бұрсақ деп тырысып-ақ отырмыз. «Көрші-көрші» ойнаған кезде Бәтмхан мен Бүбіжанға болысыңқырап

тостым. Телтай «жауыз» өші бардай тоқпақтады. Алақаным от болып жанды. Бірақ былқ етпей шыдадым. Ауырып тұрса да, ауыра қоймағандай алақанымды бір сүйіп қойдым. «Мен де сүйіп қояйын ба?», – деді Сайыпжамал сыбыр етіп. «Сүйші!» – дедім сүйсініп. «Кейін», – деді де, алақанымды алақаныммен ақырын ғана сыйпады. Тұла бойымды аралай жөнелген ыстық жалын қайда барарын, қайдан шығарын іздегендей жанталасып кетті.



жүрген Сайыпжамал қасыма келіп отыра қалды. Ашық-жарқын, сөзге ұста, әзілі де бар қыз: «Мен Бексұлтанға көрші болам», – деп жариялай жанымна орналасты. Екеуіміз бала күнімізде Қайшының белі деген жерде бірге ойнап өскенбіз. Ақ құба, аласа бойлы, дөңгелек жүзді қыз. «Көршіңмен татусың ба, аразсың ба?», – деді Телтай, қолына білелдеп ұстаған орамалын ұруға ыңғайлап. «Татумыз!», – дедім Сайыпжамалға ыйығымды үйкеп. Тату екенімізді растағандай, ол да маған ыйығын сүйкеді. – Татулықтың белгісін көрсет! – деді Телтай да дікендеп. Састым. Не істеймін? Сүйіп алғым келді. Қыз бетімнен қағып жіберсе, қайтем? Масқара болам ғой. Құшақтаймын. Ыйығынан тартып құшақтап ем, қыз да ырқыма көнгендей көрінді. – Андағың татулықтың белгісі бола алмайды, – деді Телтай оңбаған. – Енді не болады? – Сүйісу керек. Мен қызға, қыз маған қарады. Екеуіміздің де көзімізде «қайтеміз?» деген сұрақ. Мен тәуекел еттім. Қыз қашақтап, бетін ары алып қашты. Мойнына оралған сол қолым қыздың бетін бері қайырды. Көтеріле беріп бетіне төндім. Ернім ернінің шетін сүйкеп өтті. Оным сүюге жата ма, жаппай ма білмеймін, бірақ тұла бойымнан өткен ток табаныма дейін жетті. Өзгеге – өтірік, маған – шын: аздап басым айналғандай болды. Қылығымды қыз құп көрді ме, жоқ па, көзім жетпеді, алайда ерніне ернім тигенін анық білем. Сол бір секөнт бозбаладан ерекке айналдырып жібергендей әсер алдым. – Есеп емес! – деді Телтай тап бір Мүңкір-Нәңкір құсап. – Қыз көнген жоқ. – Көндім! – деді кенет Сайыпжамал күтпеген қылық көрсетіп. Телтайдың аузына құм құйылды. Мұндай қуанышты бұрын бастан кешіп көрмегем. Көзімнің айналасын ыстық жалын көмкеріп кетті. Батыр да мен, бақытты да мен, ешкім өзіне тең келмейтін, ешкімді өзіне теңгермейтін керемет жағдайға кенелдім де қалдым. Қыздың күдіреті қыйапат екен: көкте де емес, жерде де емес, ешкім жете алмайтын, таба алмайтын жұмаққа тап келгендеймін. Елтіген күйімді «Мен аразбын», – деген Нүкеннің даусы бұзып жіберді. – Кімнің көршісін сұрайсың? Тап соны күтіп тұрғандай, Телтай тақ ете қалды. – Бекен көршісін берсін. – Атам мен апам «Бекентай», «Бекешаным» дей берген соң, ауылдағылардың көбі мені «Бекен» дейтін. – Бересің бе? – Бермеймін. – Бермейді. Не бұйырасың? – Жеті дүре. Алақанымды

Жібек пен Баян үшін басын тіккен Төлеген мен Қозы Көрпешті тек сондай сәтте түсінеді екенсің. Ондай күйді басынан кешпеген адам бақыт дегеннің не екенін елестете де алмай өтетін шығар, кім біледі?! Бір кезде Монданақ ойнадық. Бәріміз шеңбер құра аяғымызды алдыға созып, тізімізді бүгіп отырдық та, оңға-солға ырғала отырып: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ», – деп қолымызды балтырымыздың астынан жүгіртіп, бір-бірімізге орамалды беріп жатқандай қимыл жасаймыз. Телтай ортада тұрып, орамалды дәл тауып алуы керек. Тапса, орамалмен бір салып кетіп, сені ортаға шығарады да, өзі сенің орнына отырады. Таппаса, соры қайнап, балтырымыздың астынан өткізіп жатқан орамалды тағы іздеуге тиіс. Біз де әр түрлі әрекетпен оны алдауға тырысамыз. Ол теріс қарап тұрған кезде орамалмен арқасынан бір салып кетіп, орамалды қайта тыға қоямыз. Сөйтіп отырғанда, Сайыпжамал алақанымды үш дүркін сыйпап-сыйпап қойды. «Мен үшін таяқ жеген алақан ғой», – дегені. Апырмай, не деген ғажап сәт!? Айтып жеткізе алмайтын айрықша сәт. Өмір бойы ұмытылмайтын сәт. «Бастаңғы» деген сөз «бастау» дегеннен туындаған болу керек. Сол бастаңғыдан басталған сезім менімен бірге ержетті, Сайыпжамалмен бірге бойжетті. Сонда мен оған хат жаздым: «Шалқайтып сені құшқанда, Еңкейдім ійіп басты да. Сенімен бірге аспан да, Бір аунап түсті-ау астыма», – депмін. Әрине, әдемі өлең емес. Бірақ ода ақылы аз, сезімі мол бір шындық бар. Бозбала күнімді жігіттікке жетектеп әкелген шындық. Мен оған басымды ием.



Бексұлтан НҮРЖЕКЕҰЛЫ,
жазушы, мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты.



Жаркенттіктер ...деген екен

«АРС» ЕТСЕ ДЕ АБДЫРАМАҒАН

Марқұм Саудабай Еркінбековті Сәтгіжол ауылының еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін біледі десек артық айтқандық болмас. Ол кісі қырық жылдан астам жүргізуші болып жұмыс істеді. Өз замандастары арасында ол көзі ашық, көкірегі ояу азамат қана емес, табан астында айтатын тапқырлығы да бар жан-тұғын.

Саудабай аға сол жылдары (70-80 ж.ж.) кинодан қалмайды екен. Клубқа көшені айналып келуден ерініп, ол төтелеп көршілердің бақшаларынан өтуді әдетке айналдырыпты. Бірде Саудабай ағаны Өмірқан деген ауылдасы қалжыңдап, қорқытпақ болады. Сөйтіп, ол алдынан шығып, жасырынып отырады. Саудабай аға әдетінше шарбақтан өте бергенде, Өмірқан «арс» етіп балағынан екі қолымен шап береді. Аға еш саспастан Өмірқанға қарап: «Мен Қалидың балаларының бәрі адам екен десем, арасында иті де бар екен ғой» - депті.

АТАСЫНАН АСЫП ТҮСПІ

Сәтгіжол ауылының тұрғыны Нұртай Ақмәдиев тоғызыншы сынып оқитын немересі Берікпен әңгімелесіп отырып, белінің соңғы кезде қатты ауырып жүргенін айтады. Оған ку тілді немересі әзілдеп:

– Жас кезіңізде көп қыдырғасыз ғой, - дейді.

– Әй, сенің жап-жас әкен де аяғым деп зар илейді ғой, - дейді атасы сөз таппай.

– Ой, ата сөзі менің әкем сияқты таң атқанша төсекте бір қырыңыздан жатсаңыз көрер едім аяғыңыздың ауырмағанын, - депті Берік.

Нұртай қарияның есіне келіннің толық денелігі түсіп, «мырс» етіп күліп жіберіпті.

ШЫҒАНДЫҚТАРДЫҢ ШЫМЫР ҰЙҚАСЫ

Ақын Тоқбай Исабеков басқаратын «Шыған шырақтары» атты әдебиет пен өнер бірлестігінің мүшелері бірде арнайы шақырумен Алтыұй ауылына барады. Бірақ олар келгенде Мәдениет үйі алдына ешкім көріне қоймайды. Бұлар сәл-пәл дағдарып қалған осы сәтте есік ашылып, әлдекім сыртқа шығады. «Өлен қайда?» дейді оны көріп қуанып қалған барлығы өздерінің осында келуіне мұрындық болған Киров атындағы колхоздың кәсіподақ комитетінің төрағасы ақынжанды Өлен Жолдасовты сұрап. Дабырласа шыққан дауыстан ешнәрсе ұқпай қалған ол:

– А, не дейсіздер?, - дейді абдырап. Сонда шығандықтардың топ басшысы:

– Өлен қайда? - дейді дауыстай. Анау аузын ашқанша:

– Өлен деген өзі іскер «пәлен» қайда?, - дейді бірлестіктің бір мүшесі оның сөзін іліп әкетіп. Ол енді бұған мойын бұрғанша бірлестіктің тағы бір мүшесі екінші жағынан:

– Алыстан ат артып келген кезде, Алдыдан шығып берер сәлем қайда? - деген екен дереу.

ҚАЛАЛЫҚТАРДЫ ҚАҒЫТУ

Бірде Тоқаң Талдықорғанға жиынға барып, одан шыққан соң сондағы бірер ағайын-туыстармен, таныс-біліс қаламгерлермен кішкене бөгеліп сөйлесіп тұрады. Бірақ, әлгілер бірінен кейін бірі қоштасу ишарасын жүре жасап, ақырын-ақырын жылыстап тарай бастайды. Қалалықтардың қалыбын аңғара қойған ақжарқын ақын қалт тұра қалып:

– Әй, бұлардың қалай? Ауылға келсеңдер – айырылмайсыңдар,

Қалаға келсек – қайырылмайсыңдар..., - деп әзіл-шыны аралас қойып қалыпты.

АҚЫН АҒАНЫ АРАШАЛАУ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңында Қазығұрттағы Бағыс Суан ағайындарымыз бабамызға ескерткіш орнатып, ас береді. Оған Алматыдан көрнекті жазушы ағамыз Бексұлтан Нұржекеұлы, Жаркенттен ардақты ақсақалымыз Тұрғанғазы Жапарқұлов бастаған бір топ зиялы қауым қос «Газель», екі-үш жеңіл көлікпен артынып-тартынып барады. Жылы шырайлы қауышу. Шалқыған-толқыған көңіл. Баба рухына зиярат. Салтанатты рәсім. Тебірене сөйленген сөз. Әуелеген ән-күй. Көл-көсір дастархан...

Жайшылықта да жайдары ақкөңіл ақын Тоқаң – Тоқбай ағамыз мұндайда тосылыс ба?! Сахнада екпіндете сөз сөйлеп, жарқылдай жыр оқып ел назарын еріксіз өзіне аударады. Күні бойғы дудуманның бел ортасында белсеніп жүру де әрине, оңай емес. Жатар кезде сәл «шаршаңқырап» қалады. Сонда да түннің біраз уағына дейін байыз таппай ежелгі әдетімен «Байсуан! Байсуан!» деп ұрандайды. Қасындағы қос шәкірті Нұрәділ мен Исламғали ортаға алып, басу айтумен болады.

Таңертең есік алдында керіліп-созылып бой жазып тұрса, қонақтардың бірі оны нұсқап: «Мына кісі мазасыздау екен...» дейді сынай қарап. Екі інісі «Атамыздың асына келген соң ақынның арқасы қозып, ұрандағаны ғой» деп қорғаштайды. Содан соң Исекең:

Суанның бір сары шалы, Тамсандырды баршаны, - дегенде, Нүрекең іліп алып:

Сабыр ет аға, сабыр деп, Інілері де шаршады, - депті.

Олардың сөзіне қонақтар ду күліп, жағдай жаймашуақтанып сала беріпті.

ГҮЛБАҒИЗАНЫҢ ГҮЛДІ ШУМАҚТАРЫ-АЙ

Марқұм ұстаз-ақын Гүлбағица Нұрқышеваның есімі аудан, облыс, тіпті республика оқырмандарына жақсы таныс. Алматыдағы, Жаркенттегі баспалардан шыққан бірнеше жыр жинақтары бар. Әсем сазды әндері де радио-теледидардан жиі-жиі орындалып тұрады. Көкірек сарайы сырлы сезімге, жүрегі нәрлі жырға толы оның кейде аяқ асты айтып-айтып тастайтын өнері де бар еді. Бірде оған әріптестері «Осы «Шыған шырақтарының» мүшелерін бір-бір шумақ өлеңге қосшы» дегенде еш бөгелместен: ...Біреуі Исламғали - Үркімбайдан, Дарыған оған өлең бір құдайдан. Әр сөзі сомдап құйған қорғасындай, Бата алғандай түсінде ұлы Абайдан.

Бегімбетов Нұрәділ – іске дайын, Газет десе қояды ішкен шайын. Аудандағы ең басты редактор, Қаламынан тамызған сөздің майын.

Құдайберді Құсайын – енді бірі, Ол-дағы үлкен ақын еті тірі. Тұмардай болса-дағы бұл жігіттің, Сөздері тау қопарар тым-тым ірі.

Әдепхан бәрінен де тентек ақын, Жегізбес құдайға да, елге хақын. Арнаған бикештерге өлені көп, Ойлаймын... сол халыққа өте жақын.

Айтпаса және бірін өкпелейді, Тұрдақын ірі ақынға дөп келеді. Аққандай асау өзен салдыр-гүлдір, Жырлары жартастарды тепкілейді.

Мақтанам келген жұртым- ән мен өлең, Өнерлі серілерге әбден сенем. Айналдым қасиетіңнен, қалың Суан Соңынан ұлдарыңның еріп келем, - деп салған екен.

«ЖҮТАТАЙДЫҢ» ЖҮБАТУЫ

Халқымыздың талантты ақыны марқұм Жұматай Жақыпбаев біздің жаркенттік белгілі ақын Әбен Дәуренбековпен ерте кезден-ақ дос-жар болып, үй-штерімен етене араласып тұрады екен. Әбекеңнің бүгінде бой жетіп қалған қызы Гүлзадан оны «Жұтатай» деп атап қалған көрінеді. «Оһо, менің есімімді ең алғаш дұрыс атаған жан сенсің» деп балаша мәз болған сері ақын оған:

– Бүгін кешке біздің үйге қонаққа кел. Ата-ананды ерте келем десең де рұқсат, - деп әзіл-шынын араластыра сөйлеп, Дәуренбековтердің отбасын түгелдей үйіне шақырады.

Ұзамай-ақ аңқылдаған екі ақын, жұбайлары – бүгінде белгілі ақын

Зайда мен ақын жанды жеңгеміз Қайыпжамал марқұм, сондай-ақ екі үйдің бүлдіршіндері берекелі дастарханда бас қосып, көңілдене дуылдасып отырады. Кенет әлденеге мазасызданған кішкентай Гүлзадан қыңқылдап әкесінің мазасын ала бастайды. Сонда оны әкесінен бұрын қолына ала салып, жұбатуға кіріскен Жұматай:

Айналайын, Гүлзадан, Айттайын саған бір жаңа ән. Өкен сенің импорт қой Поштамен келген Құлзадан... - деген екен.

ҚАЙНАҒАНЫҢ «ҚАЙРАН ҚАЛУЫ»

Баспасөз бетінде келелі пікір айтып, кез келген алқалы топта суырылып сөйлеп жүретін, тіпті тайсалмай қызу пікір таластыратын Роза Ыстайдың табалдырығын Әбекең – Әбен Дәуренбек тұңғыш рет аттаған кезі болса керек. Үлкен ақын әрі сыйлы қайынағасы келгенде қай келін аянсын. Роза басына жаулық салып, алдына алжапқыш тартып, абыр-сабыр әрекетке көшеді. Түгіндетіп самаурын қойып, бұрқылдатып қазан қайнатып, арасында күйеуі Мұхтардың ымдауымен саңғырлатып бөтелке, стакандарын әкеліп зыр жүгіреді. Бір сәт оның осы қалпына зер сала қараған Әбекең:

– Ойбай-ау, біздің Розажан әйел екен ғой, - деп «қайран қалыпты».

Әңгімелерді әдеби
өңдеп құрастырған
Нұрәділ БЕГІМБЕТ

ЖАЗЫЛЫМ – 2021

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы алты айға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 6 айға жазылу бағасы 1420 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №4965

